



КПО-ның Орнықты Даму Есебі 2010

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ





Алауларда
жалпы өндірілген
газдың тек
0,13%-ы
өртелді

283 қазақстандық
компаниялармен құны
527 МИЛЛИОН
АҚШ долларынан асатын
келісімшарттарға қол
қойылды

2010 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және
ҚОҚ жоспары жүзеге асырылды

Жаңа **бес** ұңғыма
бұрғыланды, **14** ұңғыма
күрделі жөндеуден өтті,
жалпы өндіріс **133,7**
млн. м.э.б. жетті



4-ші сұйық
көмірсутектерді
тұрақтандыру
технологиялық
желісінің
құрылысы
аяқталып қалды



Қазақстан
Республикасының
Президенті Нұрсұлтан
Назарбаев алтын
«Парыз» сыйлығын
табыс етті



Жергілікті жұмыс күшін, тау-
арларды және қызметтерді
пайдалану туралы жаңа та-
лаптар енгізілді



Шығарынды-
ларды
тастауға
3 жылдық
рұқсат
алынды

КПО-ның кәсіби мамандар
және орта шендегі басқару-
шылар лауазымдарының
91%-ы және жоғарғы
шендегі басқарушылар
(менеджерлер) лауазым-
дарының **62%-ы**
жергілікті мамандармен
алмастырылды

Ақсай
қаласында
жаңа орта
мектеп
салынды



КПО-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ 2010

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ
МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ



Мазмұны

Бас директор жолдамасы.....	2
Біздің атқарған қызметіміздің көрінісі және алға қойылған мақсаттар	3
Қарашығанақ кенін өндіру	5
КПО Корпоративтік басқару жүйесі	7
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	9
ҚОҚ аясында атқарылған жұмыстар	15
Қарашығанаққа көз жүгірту	21
Қызметкерлерді дамыту	23
Экономикалық дамуға қосқан үлесіміз	27
Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас.....	33
Ақпарат кестесі және GRI көрсеткіштері	39
Шынайылықты растау қорытындысы.....	41
Қысқармалар/анықтамалар тізімі	44



ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА АЛҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМІЗ

Біздің орнықты даму жолында алған міндеттемелеріміз Орнықты даму жарғысында айқындалған.

Орнықты дамуды меңзегенде біз кеңінен танымал Брундтланд Комиссиясының анықтамасына жүгінеміз, яғни «келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүмкіндіктеріне қауіп төндірмей, қазіргі уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыру».

Бизнес субъекті ретінде КПО орнықты дамуға қосатын үлесі ретінде келесі мәселелерді қарастырады:

- қазіргі таңдағы кері әсерлерді азайту және мүмкіндіктерді көбейту;
- қабылданатын шешімдер нәтижесінің ұзақ мерзімділігін қарастыру;
- мүдделі топтарды зерделі сұхбатқа тарту; және
- берік басқару мен ашық бизнес жүргізуді тұтастыру

Бұл «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) шығарған орнықты даму туралы үшінші есеп, және компанияның орнықты даму турасында алған міндеттемелерінің көрінісі. 2008 жылы, біз Қазақстанда қызмет атқаратын компаниялардың қатарынан бірінші болып халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз расталған Орнықты даму есебін ұсындық. Орнықтылық мәселесінде біз осы жетістікті ілгерілету мақсатын қойдық.

ЕСЕП БАҒЫТЫ

Бұл 2010 жылдың қорытындысы бойынша дайындалған есеп, сонымен қатар біздің жұмысымыздың бірнеше жылдар мерзіміндегі нәтижесін көрсету үшін 2008 және 2009 жылдардағы ақпарат та қосылған. Әрі қарай орнықты даму туралы есепті жыл сайын шығаруды көздеп отырымыз.

ЕСЕПТІ ҚАРАСТЫРАТЫН МӘСЕЛЕРІ

Бұл есеп «Қарашығанақ кенін өндіру» бөлімінде толығырақ айтылған КПО-да атқарылатын барлық іс-шараларды қамтиды. Қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық бағыттағы жұмыстың қаржыландыру жағын да қарастырады.

СЕНІМДІЛІК

Есепте берілген ақпараттың шынайылығы тәуелсіз ПрайсуотерхаусКуперс компаниясымен расталған. Тәуелсіз шынайылықты растау есебімен 41-42 бетте таныса аласыз. Бұл үрдіс КПО және осы есепті оқушы

қауымға ақпараттың шынайы және дұрыс екендігі жөнінде қосымша кепілдік береді.

GRI ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ

Бұл есеп GRI (ғаламдық есептілік бастамасы) жүйесінің G3 нұсқамалары, оның ішінде орнықты есептілікте іс жүзінде қолданылатын ғаламдық модель негізінде дайындалды. 2010 жылғы есепті C+ қолдану деңгейінде орындадық. Есептіліктің стандартты элементтері көрсетілген кестені www.kpo.kz сайтында қарауға болады.

МҮДДЕЛІ ТОПТАР

Қалыпты бизнес жүргізу практикасы ретінде біз көптеген мүдделі топтармен, оның ішінде Үкімет билігімен, жергілікті қауымдастықтармен, жабдықтаушылармен, жұмыскерлермен және азаматтық қоғаммен қарым-қатынасқа түсіп, кеңесе отыра бірге жұмыс атқарамыз. Осы мүдделі топтармен жақсы қарым-қатынас орнату – біздің ұзақ мерзімде табысқа жетуіміз үшін өте маңызды және есептің негізгі болмысы осы қарым-қатынастар нәтижесінде туындады.

Бас директор жолдамасы



Сіздің назарыңызға 2010 жылы атқарылған жұмыстар нәтижесі мен 2009 жылы қойылған мақсаттардың орындалу үдерісі қамтылған КПО-ның үшінші Орнықты даму жөніндегі есебін ұсыну мен үшін үлкен мәртебе.

2010 жылы Қазақстанның мұнай және газ саласын бақылайтын мемлекеттік мекемелерде бірқатар өзгерістер байқалды. Солардың ішіндегі өзектісі Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Мұнай және газ министрлігімен ауыстырылуы болды. ӨБТК аясындағы Өкілетті мекеме де бұрынғы ҚазМұнайГаздан «PSA» ЖШС-ке өзгертілді. «PSA» ЖШС Мұнай және газ министрлігі қарамағындағы жеке компания ретінде құрылды.

Қарашығанақ кенішінің игерілуі 2010 жылы өз жалғасын тапты. Кеніштегі ұңғымалар қорын оңтайландыру мақсатында жаңа бес ұңғыма бұрғыланды, 14 ұңғыма күрделі жөндеуден өткізілді. Осы жыл ішінде ГҚДҚ-2 материалдарды алмастыру жобасы аяқталды және газды қайта айдау компрессорлар қалақтары алмастырылып, қайтадан іске қосылды. Екі жоба да компрессорлар тиімділігін және төзімділігін арттырып, жер қабатына айдалатын газ көлемінің ұлғаюына жол ашты. 2010 жылдың қыркүйек-қазан айларында екі-жылдық толық кеніш тоқтатылымы жоспарланған мерзімнен бұрын және еш апатсыз аяқталды. Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі (ҚӨК) 4-ші сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру

технологиялық желі құрылысы ойдағыдай жалғасты және 2011 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

КПО қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын атқаруды жоғары стандарттарға сәйкес жалғастырды және 2010 жылдың 29 желтоқсанында компания үш-жылдық қоршаған ортаға шығарындылар тастау рұқсатын алды. Сонымен қатар, КПО-ның ISO 14001 стандартына сәйкестілігі қайта расталды. 2010 жылы жалпы пайдаға асырылған газ көлемі 99.87%-ды құрады, яғни барлық өндірілген газ 15 миллиард текше метрге тең болса, соның тек қана 0,02 млрд.м³ (0,13%) кеніштегі өндіріс және өңдеу нысандарынан, не ұңғыма тазалау жұмыстары кезінде өртелді. Газды пайдаға асырудың бұл көрсеткіші бүкіл әлемде мұнай және газ саласында орын алмаған жағдай.

Қызметкерлерді оқыту мен дамытуға арналған бюджеттің қысқаруына қарамастан, он жылдық шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру жоспары іске асырылуда. 2010 жылдың аяғына таман жергілікті қызметкерлер барлық кәсіби маман мен әкімшілік көмек қызметінің түгелдейін дерлік және орта шендегі басқарушы қызметінің 91%-ын құрады. КПО-дағы жоғары шендегі басқарушы лауазымына жергілікті қызметкерлердің 62 %-ы қол жеткізді.

2010 жылы КПО Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық және іскери ахуалының өзгеруіне бейімделе отыра, қазақстандық қамтуды дамыту жұмыстарын жалғастырды. Жұмыс, қызмет және тауарлармен қамтамасыз ету бойынша 283 қазақстандық компаниялармен құны 527 миллионнан астам АҚШ долларын құрайтын келісімшарттар жасалынды.

Орал газ құбыры жобасының қалған бөліктері жыл барысында аяқталып, құрылысы аяқталған құбыр жергілікті билік өкілдеріне 2011 жылы тапсырылады деп күтілуде. Жаңа оқу жылының басы қыркүйек айында, Ақсай қаласында жаңа орта мектеп ашылды. КПО-ның жергілікті инфрақұрылымды дамытуға қосқан үлесінің айғағы ретінде біз Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен табыс етілген алтын Парыз сыйлығына ие болдық.

КПО-ның орнықты дамуға қосқан үлесі азайған жоқ. 2010 жылы КПО компаниясы 2008 және 2009 жылдары белгіленген бастамаларды әрі қарай жалғастырды және біз көптеген салаларда біріге жұмыс атқара отырып, ортақ еңбекпен Ақсай қаласының, Қарашығанақ кеніші айналасында орналасқан елді мекендердің, Батыс Қазақстан облысының және жалпы Қазақстан Республикасының одан әрі өркендеуіне негіз қалап жатқандығымызға менің сенімім мол.

Джузеппе Пази
КПО Бас директоры

Мақсаттарымыз

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2010 жылғы мақсаттар

OHSAS Сертификатын қайтадан алу



Ағымдағы қауіп-қатердің орын алуын анықтау және есеп беру үдерістерін рационалдастыру және толығымен жетілдіру.



КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлерін қауіп-қатер туралы хабардар болуына жаттықтыру



Мұнайдың ағып кетуіне жол бермеу шараларын және II, III деңгейдегі төтенше жағдайда әрекет ету шараларын жетілдіру үшін жаттығу және үйрену бағдарламасын дайындап енгізу.



КПО ішінде қауіпсіздік техникасындағы жетекшілік туралы түсінікті, оның кеңінен таралуын, қызметкерлер қатысымын және құндылығын жақсарту



КПО көздеп отырған деңгейге теңестіру үшін мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін және практикасын жақсарту.



Күнделікті бақылау және басқаруды қарастыратын әдістер мен үдерістердің тиімділігін жақсарту.



2010 жылы жүзеге асырылған шаралар

Құрама OHSAS/ISO бақылау аудиті оң аяқталды, сертификаттау жалғасты.

Қолданыстағы қауіп-қатер бойынша есеп беру үдерісі талаптарға сәйкестік жөнінде тексерілді. ҚӨК-де аяқталған жаңа қауіп-қатерлер бойынша есеп беру карточкасын және ілеспе құралдарын сынау.

Нұсқаушыларды жаттықтыратын қауіп-қатер туралы хабардар болу бағдарламасы дайындалды және 241 маман жаттықты, оған қоса шамамен 7000 КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлері жаттығу курстарын бітіріп шықты.

II деңгейдегі Апатты басқару тобының және Дағдарысты жағдайларды басқару тобының 30 мүшесі жаттықты. Екі біріктірілген апаттық жаттығулар жүргізілді. КПО-ның мұнайдың ағып кетуіне жол бермеу бойынша негізгі жоспары дайындық үстінде.

419 КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлері (353 КПО, 66 мердігерлер) қауіпсіздік техникасындағы жетекшілік бағдарламасы және Бөлімшаралық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-ғы жетекшілік сапарлар бағдарламасы жүзеге асырылды.

Мердігерлерді басқару жұмыс тобы қалпына келтірілді және толық шаралар жоспары дайындалды. Қызмет көрсету келісім-шарттардың жоғары/орташа/төмен қауіп-қатер деңгейлері анықталды, оған қоса мердігерлердің көрсеткіштерін бағалайтын жоғары/төмен индикаторлары дайындалды.

Мердігерлердің/Келісімшарт иелерінің аудиттерін тексеруге арналған тәуелсіз кепілдеу аудиттер бағдарламасы дайындалды. 2010 жылы 3 кепілдеу аудиті жүргізілді.

2011 жылға қойылған мақсаттар

- Қайтадан OHSAS 18001 сертификатын алу

- Қауіпсіз іс-әрекет және қауіп-қатер бойынша есеп беру жүйелерін біріктіретін жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша бақылау нәтижелеріне есеп беру бағдарламасын іске қосу.

- КПО қызметкерлеріне арналған қауіп-қатер туралы туралы хабардар болу негізгі жаттығу бағдарламасын дайындау.

- Апаттық жаттығулар бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру. Апаттық жағдайда әрекет ету және дағдарысты жағдайларды басқару шараларын толығымен қамтитын жаттығу жүргізу. (операторларды жұмылдыру шарасын қоса).

- Жаттығудан өткен қызметкерлерге қауіпсіздік техникасындағы жетекшілік дағдыларын дамыту қорын кеңейту, сонымен қатар еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын қосу үшін бағдарлама аясын кеңейту.

- Мердігерлерді басқару үдерістеріне қатысты құжаттамаларды дайындап бітіру. Келісімшарттар иелеріне семинарлар өткізу, және құрама Мердігер/КПО-ның қатысуымен форумдар өткізу.

- КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша аудит, инспекция және басқару циклдік бағдарламасын қайта қарау, біріктіру және рационалдастыру.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Парникті газ шығарындыларын CO2-мен қоса 55,5 ктонн деңгейіне дейін азайтуға қол жеткізу.



Кен аумағында қалдық суларды тазарту бойынша жаңарту жобасын жүзеге асыру.



Қалдықтарды өңдеу бойынша Корпоративтік стратегиясын жаңарту.



Қайталама шикізаттарды бөлу жобасын жүзеге асыру (қағаз және пластик қалдықтары)



Кен басындағы қатты қалдықтарды залалсыздандыруға арналған жалпы мақсаттағы қалдықтарды өртеу қондырғысының құрылысын аяқтау.



Биотүрлілік стандартын шығару.



Биологиялық түрлілік және экологиялық жүйе жобаларын жүзеге асыру кезіндегі қауіп-қатерлерді бағалау және қолданылатын шаралар жоспарын шығару.



Қоршаған ортаны бақылау жүйесінің сертификаттаудан өткенін 3-ші тараппен растау 2 бақылау аудитін өткізу



Парникті газ шығарындыларын азайту бойынша кейбір шаралардың уақытында жүзеге аспауына байланысты газ шығарындыларын CO2-мен қоса тек 34,5 ктонн деңгейіне дейін азайтуға қол жеткіздік.

КПО нысандарына дара жұмыс жобалары дайындалып, мемлекеттік сараптамаға қарастыруға жіберілді.

Қалдықтарды залалсыздандыру стратегиясы жаңартылды.

Қағаз және қалдықтар бойынша ғылыми-зерттеу жобасы Қоршаған ортаны қорғау бойынша өкілетті органға тапсырылды. Қағазды қайта өңдеу жобасы бастау алды.

Құрылыстың соңғы кезеңі басталды.

Биотүрлілік стандарты дайындалды, оны Қоршаған ортаны қорғау корпоративтік мәселелер бөлімі қарастыруда

Биологиялық түрліліктің негізгі зерттеу және оған ықпал етуді бағалау жұмыстары аяқталды. Биотүрлілік бойынша шаралар жоспарының алғашқы нұсқасы дайындалды.

Жүргізілген екі аудит оң аяқталды

- Парникті газ шығарындыларын CO2-мен қоса 46,7 ктонн деңгейіне дейін азайтуға қол жеткізу.

- Жаңарту жобаны жүзеге асыру.

- Березовка ауылына жақын орналасқан екі жаңа, автоматты Қоршаған ортаны бақылау станциясын іске қосу

- Қалдықтарды сұрыптау торабының құрылысын аяқтау. Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу пайдалылығын анықтау.

- Эко орталықтан шығарылатын қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонының 5 бөлігін іске қосу.

- Жалпы мақсаттағы қалдықтарды өртеу қондырғысын іске қосу.

- Биотүрлілік стандарты мен іс-әрекет жоспарын дайындау

- ISO 14001 талаптарына сәйкестікті растау үшін Қоршаған ортаны бақылау жүйесін қайта сертификаттау және қосымша аудит жүргізу.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

2010 жылғы мақсаттар

Біліктілікті басқару жүйесінің қолдануын арттыру (75% енгізу деңгейіне жету).

Инженерлерге арналған кәсіби даму бағдарламасын дайындау және енгізу

Техникалық мамандарға (техниктер мен операторларға) арналған ОРІТО кәсіби даму жоспарын бастау.

КПО қазақстандық қызметкерлерін жаттықтыру және дамыту жоспарын жүзеге асыру.



2010 жылы жүзеге асырылған шаралар

Техникалық емес жұмыстарға біліктілікті басқару жүйесінің 80% жеткізілді. Біліктілік үлгілер үдерістерінің негізінде кәсіби дамудың қажеттіліктері анықталды.



Бағдарлама дайындалды және бастау алды.



Қазіргі кезде ОРІТО орнына техникалық жұмыстарға арналған Біліктілікті басқару жүйесіне негізделген.



Жоспар бойынша қызметкерлерді жаттықтыру және дамыту жоспары жүзеге асырылды.

2011 жылға қойылған мақсаттар

- Біліктілікті басқару жүйесін толығымен аяқтау және кәсіби дамудың қажеттіліктерін анықтауды жүзеге асырумен қатар басқару үшін онлайн жүйесін іске қосу.
- Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті басқару жүйесін ОРІТО-мен аккредитациялау.
- Басқа өндірістік бөлімдерде біліктілікті басқару жүйесінің техникалық негіздемелерін кеңейту.
- Қазақстандық қызметкерлерді дамыту және үйрету үшін білім алуда тәлімгер үлгісін енгізу.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

2010 жылға белгіленген нәтижелерге жету үшін шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасын жалғастыру:

- 1 Категориядағы – 58%
- 2 Категориядағы – 89%



2010 жылғы шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасының нәтижелері:

- 1 Категориядағы – 62%
- 2 Категориядағы – 91%

КПО-ның өндіріс жұмыстарына қажетті қазақстандық компаниялармен қамтамасыз етілетін қызметтер мен шығарылатын тауарларды сатып алуда тұрақты өсімге қол жеткізу.



КПО 283 қазақстандық компанияларымен бағасы 527 АҚШ долларынан астам болатын тауар және қызметпен қамтамасыз ету туралы келісімшарттарға қол қойды. Қазақстандық қамтуды есептеу бойынша ҚР Үкіметімен келісілген жалғыз әдісіне сәйкес жаңа қазақстандық қамту туралы есебі ұсынылды.



КПО өз мердігерлері мен қамтамасыз етуші компанияларына тауар, жұмыс және қызметтермен қамтамасыз ету бойынша қазақстандық қамтуды есептеудің біріңғай әдісі және есеп берудің жаңа талаптары туралы хабар беру науқанын өткізді.

Мердігерлер өз қызметтерін стандарттарға сай, қауіпсіз өрі сапалы орындауын қамтамасыз ету.



Өндірушілердің өнімділігін және көрсеткіштерін жақсарту шаралары жүргізілді (ақпарат беру, КПО-ның халықаралық стандарттарына және талаптарына сәйкес біліктілікті дамыту).

- 2011 жылға шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасы бойынша көзделген мақсаттар:

 - 1 Категориядағы – 64%
 - 2 Категориядағы – 92%

- Қазақстандық қызметкерлерді жұмыс орнында ұстап қалу бағдарлама аясын кеңейту.
- Мұнай және газ секторына қажетті тауарларды шығару және қызметтермен қамтамасыз ету ұлттық нарығын дамытуға жәрдемдесу.
- Қазақстандық қызметтер мен тауарларды сатып алуға жұмсалатын жалпы шығынның 20%-ы қазақстандық қамту болуына қол жеткізу.
- Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету және жаңа қазақстандық қамту мөлшерін есептеу әдісі мен есеп беру жүйесін жүзеге асыру мақсатымен алдын ала жұмыстар жүргізу.

ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын және әлеуметтік қажеттіліктерге бөлінетін қаржы салымы стратегиясын дайындау және жүзеге асыру



2010-2011 ж.ж. арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары дайындалды және 2010 жылдың маусым айында келісілді.

КПО-ның жергілікті ауылдарды дамыту бағдарламасын бастау.



Мұндай бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде келіссөздер ҚР және жоба серіктестері арасында жалғасып келеді. Бағдарлама 30 айға созылады деп күтілуде.

Жаңартылған шағымдану және арыз беру процедурасын шығару.



Жаңартылған шағымдану және арыз беру процедурасы 2010 жылдың наурыз айында келісілді. Шағымдану буклеттері басып шығарылып, ауыл тұрғындарына толтыру нұсқауымен таратылды.

- 2011-2012 ж.ж. арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын дайындау.
- Талқылау нәтижесіне сәйкес бағдарламаның жүзеге асу мүмкіндіктерін қарастыру.
- Жаңа шағымдану және арыз беру процедурасының тиімділігін байқау, сонымен қатар барлық мәселелерді алдын ала шешу.

Қарашығанақ кенін өндіру

Қарашығанақ кені әлемдегі ең ірі мұнай газ және конденсат кен орындарының бірі болып табылады. Кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километр аумақты алып жатыр. Мұнда 9 миллиард баррельден астам конденсат және 48 триллион текше фут газ қоры бар. Қазіргі таңда көмірсутектердің есептелінген бастапқы баланстық қорының шамамен 7-8% өндірілді.



Қарашығанақ
Өңдеу Кешенінің
бас оператор
бөлмесі

Қарашығанақ кеніші өндірісте қиыншылықтар туғызатын алыс жерде орналасқан және сыртқы ауа температурасы қыс мезгілінде минус 40° С-тан жаз айларында плюс 40° С-қа дейін жетеді. Беткі қабаты 3500м тереңдікте орналасқан қалыңдығы 1600 м кеніш өндірісі өте күрделі болып келеді. Көмірсутектер құрамында жоғары уытты күкіртті сутектің 4,5 %-ы, сонымен қатар кейбір жағдайларда жоғары тоттандыратын көміртек диоксиді бар.

Би Джи Групп және Эни (әр қайсысында 32,5% бар бірлескен операторлар), Шеврон (20%) және ЛУКОЙЛ (15%) төрт халықаралық мұнай компаниялар бірлестігі – «Қарачағанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) 1997 жылдан бері Қарашығанақ кен орнын өндіру мен дамытуды басқарады.

1997 жылы серіктес-компаниялар Қарашығанақ кен орнының аумақты қорын игеру үшін Қарашығанақ кен орнын 2038 жылға дейін өндіру бағдарламасын анықтайтын Өнімді Бөлу туралы Түпкілікті Келісімге (ӨБТК) қол қойды. Серіктестер өздерінің халықаралық тәжірибесін біріктіріп, Қарашығанақ кенішінде максималды жоғары құндылыққа қол жеткізу үшін өз біліктілігін Қазақстан Республикасымен бөлісуде.

Қарашығанақ кенішінің алыс қашықтықта орналасқандығынан, өндірілген көмірсутектердің басым

бөлігі экспортқа шығарылады. Шамамен көмірсутектер өндірісінің 80 пайызы тұрақты мұнай ретінде батыс нарықтарына, оның ішінде КҚК құбыры арқылы Қара теңізге және Атырау-Самара құбыры арқылы Транснефть жүйесіне жіберіледі, одан әрі мұнай Қара теңіздегі Новороссийск, Балтық теңізіндегі Приморск және басқа да Европа бағыттарына экспортқа шығарылады. Өнімді сату КПО Бас компанияларының сату бөлімдеріне немесе үшінші тарапты сатып алушыларға халықаралық базистік бағада жүзеге асырылады. Қалған көмірсутектер тұрақсыз конденсат күйінде Орынбор арқылы Ресейге шығарылады. Негізінде, кеніште өндірілетін барлық газ не тазартылмаған газ күйінде Ресейге сатылады не пласт қысымын сақтап тұру үшін жер қабатына қайта айдалады. Газдың кішкентай бөлігі ғана электр қуаты ретінде немесе жылумен қамтамасыз ету мақсатында қолданар алдында күкіртті сутектен айыру үшін тазартылады. Өндірілген газдың шамамен 0.13% қалыпты өндіріс және бұрғылау операциялары кезінде жағылады. Қарашығанақтағы газды пайдаға асыру жөніндегі ақпаратты Қоршаған ортаны қорғау аясында атқарылған жұмыстар бөлімінде 16 бетте таба аласыз.

Үздік технологияларды қолдану арқылы жеткен жетістіктер:

- Инновациялық кең көлемдегі жоғары қысымды тазартылмаған газды қайта айдау жүйесін қалыптастыру;
- Қазақстандағы ең терең көп тармақты ұңғымаларды бұрғылау;
- Жаңашыл ұңғыма сынау құрылғысын пайдалану және газ турбиндерін құрамында азот қышқылдары мен ылғалдылық төмен болатын Dry Low Nox (DLN) жағармай күйіне келтіру арқылы ұңғыма сынағы және ұңғыма операциялары нәтижесіндегі парник газ (GHG) шығарындыларын азайту.

Кен орнының орналасу сипаттамасын 21-22 бетте қараңыз.

Қазіргі таңда КПО компаниясында білікті және көп ұлтты топты құрайтын 4000-нан астам адам қызмет атқарады. Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) бекітілгеннен кейін, КПО тұрақты экономикалық көрсеткішті ұлғайту мақсатында өндірістегі жетекші технологияларды қолдана отырып, кенді дамытуға шамамен 16 миллиард АҚШ долларын жұмсады.



Қарашығанақ
Өңдеу Кешенінің
панорамдық
көрінісі



2010 ӨНДІРІС

Жалпы Өндіріс	млн б.м.э.	133,7
Тұрақсыз сұйық көмірсутектер ОГӨЗ және МТУ жіберілетін конденсат	мың т	2 346
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самараға жіберілетін мұнай мен тұрақтандырылған конденсат	мың т	8 064
Шикі газ ОГӨЗ жіберілетін	млн текше метр	7 901
Тазартылған газ өндірісі Зауыт қажеттіліктерін және жергілікті тұрғындарды қамтамасыз етеді	млн текше метр	650
Газды қайта айдау Сатылымға жіберілмегендіктен жалпы өндіріс ретінде қарастырылмайды.	млн текше метр	6 437

2010 ӨНДІРІС ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАМУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

2010 жылы КПО тұрақтандырылған және тұрақсыз конденсат, шикі және тазартылған газ күйінде жағармай ретінде қолдану үшін 133,7 миллион баррель мұнайды өндірді. 2010 жылғы қыркүйек-қазан айларында кеніштің

жоспарлы міндетті толық тоқтатылымы жүргізілуінен өндіріс көрсеткіші 2009 жылмен (139,4) салыстырғанда мұнай эквивалентінде 5,8 миллион баррельге кем болды. Оған қоса, 6,437 миллион текше фут шикі, құрғақ газ жер қабатына қайта айдалды, бұл көлем барлық өндірілетін газдың шамамен 43%-на тең. КПО 2010 жылдың желтоқсан айында Кәсіпорынның бір күнгі және айлық өндіріс көлемін жаңа рекордтық дәрежеге жеткізген тарихтағы ең үздік өндіріс көрсеткіштеріне қол жеткізді.

КПО 2010 жылы жүзеге асырған басты дамыту іс-шаралары:

- Өндірісті және газды қайта айдау ұңғымаларын оңтайландыру үшін бес ұңғыманы бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу бағдарламасы бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ҚӨК-дегі төртінші көмірсутектерді тұрақтандыру технологиялық желісі құрылысын ілгерілету;
- Актив тұтастығын жақсарту үшін жоспарланған басты жұмыстарды ілгерілету;
- II Кезең / ИИМ (Техникалық қызмет көрсету) кезінде салынған өндіріс нысандарының өндірістік өнімділігін арттыруды жалғастыру; ГҚДҚ-2 газды айдау компрессорлар қалақтарын алмастыру мен қайтадан іске қосу және ГҚДҚ-2 материалдарды алмастыру жобасын аяқтау; және
- Қазіргі кенішті игеру кезеңі мен ұзақ мерзімдегі даму арасында уақытша шара ретінде қолданылатын бірқатар қысқа мерзімді даму мүмкіншіліктерін қарастыру. Оның басты мақсаты – ағымдағы өндіріс қарқынын сақтап қалу.

КПО Корпоративтік басқару жүйесі

Кең көлемдегі инвестициялық тұрақтылықты сақтауда жақсы басқару маңызды болып табылады. Құрама ортада қызмет атқаратын КПО секілді бірлескен кәсіпорынның үздіксіз жетістікке жету үшін берік басқару, бақылау және кепілдікпен қамтамасыз ету үдерістерінің маңызы зор.



КӘСІПОРЫННЫҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Біздің кәсіпорынның құрылымы бизнес мақсаттарымызға жетуге және кәсіпорынның басты құжаты – Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісіммен (ӨБТК) айқындалған ҚР алдындағы міндеттемелерімізді орындауға септігін тигізу үшін жасалынған.

КПО-ның ең жоғарғы басқару органы – төрт бас компанияның жоғары басқармасынан және ҚР Үкіметімен тағайындалатын ӨБТК аясында қызмет атқаратын Өкілетті мекеме өкілдерінен, Батыс Қазақстан облысының жергілікті әкімінен тұратын Басқару бойынша бірлескен комитет.

КПО-ның ең жоғарғы серіктес органы – төрт бас компанияның өкілдерінен тұратын Мердігерлер комитеті. КПО-ның ең жоғары лауазымдағы тұлғасы – Бас директор – Мердігерлер комитетіне оператор-компаниялар, яғни Биджи Групп және Эни атынан қатысады.

Бас директор Басқару комитеті мүшесі ретінде тікелей Биджи Групп пен Эни оператор-компанияларына есеп беретін комитет жұмысына қатысады. Бас директор, оның орынбасары және КПО-ның басқа директорлары сәйкес бас компанияларымен тағайындалады.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

ӨБТК-ге сай өз қызметі барысында КПО саясаттар, процедуралар және үздік тәжірибелер арқылы компанияға енгізілген халықаралық деңгейде расталған жоғарғы стандарттарға сүйене жұмыс атқарады. Бұлар біздің басқару жүйемізде топтастырылған Тәртіп кодексі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты мен бес жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиялық жоспары, өндірісті басқару жүйесі және корпоративтік

басқару жүйесі нұсқамасын қамтиды.

2009 жылы операторлардың орнықтылық жөніндегі жұмыс тобы атқарған қызу жұмыс нәтижесінде КПО өз Орнықты дамыту жарғысын жария етті. Бұл жарғы КПО-ның орнықты даму турасындағы іс-әрекеттеріне басқарушы принциптер мен негізін қалау үшін құрастырылған және бұл принциптер халықаралық үздік тәжірибесі мен оператор-компаниялар тәжірибесінен алынды.

КПО Орнықты даму жарғысын КПО сайтында www.kpo.kz және интранет-порталда табуға болады.

СӘЙКЕСТІЛІК КЕПІЛДІГІ

КПО басқармасы мен төрт бас компанияларға қауіп-қатерлерді, оның ішінде орнықтылық қауіп-қатерді анықтау мен басқару және бекітілген үдерістерге сәйкестілігін қамтамасыз ететін тиімді үдерістер жүзеге асырылып жатқандығын растау үшін барлық жүйелер мен саясаттар тексерістен өтеді. Компания шеңберінде бірнеше топтар, оның ішінде КПО-ның барлық қызметін тексеретін Ішкі корпоративтік аудит бөлімі аудит шараларын жүзеге асырады. Тексерілуі тиіс арнаулы салалар жыл сайын КПО ішкі қауіп-қатер анықтайтын жүйесінің бағытымен, директорлармен талқылаулар нәтижесінде, бас компаниялар ұсыныстары және КПО өндірістік аймақтарын және қажетті аудит жиілігін көрсететін аудит моделіне сәйкес анықталады

Ішкі аудитке қоса, біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйеміз халықаралық деңгейде мойындалған қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі стандарты ИСО 14001 сертификатымен расталған. 2009 жылы біздің басқару жүйеміздің кәсіби денсаулық және қауіпсіздік техникасы аспектілері турасында OHSAS 18001 сертификатына қол жеткіздік.

Компаниядан тыс сыртқы сәйкестілікті қарастыру жүйелі түрде орын алады. КПО-ның өз саясаттары мен стандарттарына және өндірістік үздік тәжірибеге сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін бас компаниялар және Қазақстан Республикасы заңына сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін өкілетті мекемелер компанияда жыл сайын аудит жұмыстарын жүргізеді.

СӘЙКЕСТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сәйкестілік құрылым компания ішіндегі сәйкестілікке қатысты барлық мәселелерді ретке келтіріп, нұсқау береді және компания аясында үлестіріліп, қолданылатын КПО-ның негізгі құндылықтары мен түпкі сенімдерін қалыптастырады.

Сәйкестілік құрылымдағы басты құжат Тәртіп кодексі болып келеді. Ол КПО бизнесін жүргізуде басшылыққа алатын басты принциптерді, құндылықтарды, және іс-әрекетті айқындайды. Бас директор қарастырылған кодексті 2009 жылдың басында көпшілік назарына ұсынды және КПО қызметкерлерінің барлығы КПО интранет-порталында осы құжатпен танысу нұсқауын алды. Мүдделер қарама-қайшылықтары саясаты дәл

осындай үдеріске ұшырады, қайта қарастырылып, бірдей уақытта жарық көрді.

Егер де қандай да бір қызметкер КПО аясында шағымданса не дау-дамай жағдайға тап болса, қолданылатын шараларды сипаттайтын Шағымдарды басқару нұсқауына жүгінуіне болады.

Сәйкестілік құрылымы заң директорында қызмет ететін Заңға сәйкестілік жөніндегі кеңесші мен Сәйкестілікті келістіру менеджерінің құзырында. Бас директор төрағалық ететін КПО Сәйкестілік комитеті үш айда мәрте сәйкестілікке байланысты мәселелерді қарастыру үшін жиналады.

МҮДДЕЛІ ТОПТАР ҚАТЫСЫМЫ

КПО белгілеген басты мүдделі топтар Қазақстан Республикасы Үкіметі, компания қызметкерлері, жергілікті және облыстық тұрғындар, жабдықтаушылар және азаматтық қоғам атынан жұмыс атқаратын үкіметтік емес ұйымдар болып келеді. Компания құрамындағы бірқатар бөлімдер осы мүдделі топтармен жиі қарым-қатынасқа түседі, олардың ішінде Үкіметпен өзара қарым-қатынас және сыртқы байланыс бөлімі, Қоғаммен байланыс бөлімі, Корпоративтік қауіпсіздік бөлімі, Корпоративтік қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Рұқсат қағаздар мен лицензия беру бөлімі, Ішкі байланыс бөлімі, Қызметкерлермен қарым-қатынас бөлімі, Жергілікті қамтуды дамыту бөлімі.

КПО басты Қазақстан Республикасы мүдделі топтары топшыланған, олардың назар аударатын мәселелері, қарым-қатынас түрлері және КПО байланысу тұлғалары айқындалған Мемлекеттік мүдделі топтар матрицасын дайындады. КПО, сонымен қатар, кәсіпорынның саяси қатерлерін және ұсынылған бейімделу стратегиялары көрсетілген Саяси мүдделі топпен жұмысты басқару стратегиясын да шығарды.

КПО-ның Корпоративтік байланыс саясатында КПО ішкі және сыртқы байланыс кезінде корпоративтік деңгейде қолданатын механизмдер мен үдерістер айқындалған. Бұл саясатта мүдделі топтар тізімі және КПО атынан қарым-қатынасқа түсу өкілеттілігі бар адамдар көрсетілген. Сәйкес мүдделі топтармен қарым-қатынасқа

түсу жолдары Мүдделі топтармен қарым-қатынасқа түсу нұсқауы, КПО-ның демеушілік және қайырымдылық саясаты, Ішкі байланыс саясаты, және Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы секілді бірқатар саясаттар мен нұсқаулықтарда айшықталған.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

КПО өз қызметі аясында адам құқығын қорғауды қолдайды. Бұл міндеттеме КПО Тәртіп кодексінде айқындалған және КПО, өз бетінше, құқық қорғауда халықаралық стандарттарға және үздік тәжірибелерге 2008 жылы Дат адам құқығы институты көмегімен тексерді. Осы бағалау қорытындысы сәйкестіліктің жақсы деңгейде екенін көрсетті.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУДЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ БАСТАМАСЫ

КПО кәсіпорнындағы төрт серіктес Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндіруде шынайылық бастамасын бекіткен және үкімет пен қоғамның пайдалы қазбалар өндірісінен келген пайданы басқаруды жақсарту іс-әрекеттерін қолдайды.

Жыл сайын, КПО кәсіпорнындағы серіктес-компаниялардың әрқайсысы Қазақстандағы ЕІТІ шоғырлану мекемесіне Республикаға төленген қаржы соммасы жөнінде есеп береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

КПО ресми түрде ағылшын және орыс тілдерін қолданады, бірақ қазақ тілінің қолданысын дамытуға ерекше көңіл бөледі. КПО-да Тілдерді дамыту жобасы тобы құрылып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген аудармашылар жұмысқа алынды. Жалпыға қажетті құжаттар, оның ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ хабарламалары, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты, Орнықтылық жарғысы, КПО веб-сайты және осы Орнықты даму есебі үш тілде жарық көреді. Жұмыскерлерге және мүдделі топтарға жолданатын компанияның Қарашығанақ ақпарат газеті мақалалары да қазақ тілінде дайындалады. Компанияның үш тілдегі техникалық сөздігі (глоссарий) жарық көрді. Қазақ тілі сабақтары барлық жұмыскерлер үшін өткізіледі

Қазақстан халықтарының тілдері күнін атап өту



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Қауіпсіздік техникасы КПО-да жүзеге асырылатын барлық жұмыстарымызда маңызды орын алады. Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан ауқымды әрі күрделі кен орынды дамытып, пайдалану – әр қызметкерден, әр мердігерден қауіпсіздік техникасын әрдайым ескере жүруін талап етеді. Әрбір мұнай және газ операциясы өзіне тән қиыншылықтар және қауіп-қатерлермен бірге жүреді: Қарашығанақта жоғары және құбылмалы температура, шығарып өңдейтін көмірсутектердің құрамында аса жоғары мөлшерде күкірт сүтегінің болуы, және жоғарғы қысымда тазартылмаған газды қайта айдау жүйесі бұл ауыртпалықты арттырады.

БАСҚАРУ ӘДІСІ

КПО Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласында компания жоспарлаған мақсаттарға қол жеткізуге, қауіп-қатерлерді басқарып және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын үздіксіз жақсартуды әрі қарай қолдауды қажетті негізбен қамтамасыз ету үшін бірыңғай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін жасап шығарды. Бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптары компанияда енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі анықтама кітабында жазылған. Жоғары басшылықтың компания шеңберінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді жақсарту міндеттемелері 2009 жылы қайтадан қарастырылып, Бас директормен бекітілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында анық көрсетілген. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында КПО компаниясы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласын белсенді түрде басқаруға толығымен міндетті екендігі туралы, әрбір қызметкер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ үшін жеке жауапты және кез келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты мәселені ашық айтуға құқылы деп жазылған.

Бұл саясат КПО иемденген және пайдаланып отырған әрбір нысанда қолданылады, сонымен қатар саясаттың барлық талаптарын толығымен орындау мердігерлер, қонақтар және әрбір қызметкер үшін міндет.

2009 жылдың қазан айында КПО компаниясы денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару


жүйесі бойынша OHSAS 18001:2007 сертификатын алды. OHSAS 18001 сертификатына қол жеткізу 2008 жылы алынған ISO 14001 КПО-ның Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі жетістіктер тізбегін жалғастырды. 2010 жылы өткізілген ISO 14001/OHSAS18001 стандарттарына сәйкестілігін бақылау аудиті КПО сертификаттарын әрі қарай созуын растады.

Қауіп-қатерлерді басқару компания қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Біз жетілдірілген қауіп-қатерлерді сараптау техникасын қолданудамыз және Қарашығанақ кені аумағындағы КПО-ның әрбір нысанында қауіп-қатерді азайту шараларын белгілейміз.


2010 ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2010 жылы КПО компания басшылығы мен қызметкерлер жұмысының тиімділігін көрсететін жалпы тіркелген апаттар санының 15-ке төмендеуіне (2009 жылы 24 болған) қол жеткізді. Жалпы тіркеуге міндетті оқиғалар жиілігі (1 миллион жұмыс сағатына шаққандағы тіркелген оқиға/апаттар жиілігі) 0,38, яғни 2009 жылмен салыстырғанда (2009 жылы 0,65) 41 %-ға төмен болды. КПО-ның 2010 жылы және өткен алты жылдың ішіндегі Жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиілігі мен Жалпы тіркеуге міндетті оқиғалар жиілігі бойынша көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ



МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУШІЛЕР ОДАҒЫ ЖӘНЕ КПО



КПО-да жалпы тіркелген апаттар санының айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, 2010 жылы жұмыс уақытын жоғалтуға алып келген жеті оқиға тіркелді. Осыған орай, Жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиілігі 2009 жылғы 0,13 көрсеткішінен 2010 жылы 0,18-ге өсті.

Апаттардың орын алуының негізгі себептерін анықтау мақсатында және оның салдарын түзеп, қайталануын болдырмауға тиімді іс-әрекеттер жоспарын дайындау үшін әрбір апаттық оқиға толықтай қарастырылады. Барлық іс-әрекеттер жоғары, орташа және төмен деген категориялар бойынша іріктеліп, жалпы компаниялық электрондық жүйеге енгізіледі. Бұл жүйеден әрбір іс-әрекет бойынша соңғы мерзімдер мен қолданылған шараларды көруге және қажет уақытта тексеруге болады.

Жыл сайын КПО-ның басты жұмыс көрсеткіштері көптеген барлау мен өндіру жұмыстарын жүргізетін операторлардан Халықаралық мұнай және газ өндіруші одағына келіп түсетін статистикалық деректерімен салыстырылады. Салыстырмалы сараптама КПО-ның Жұмыс уақытын жоғалту апаттар көрсеткіштері 2009 жылы Одаққа хабарланған орташа көрсеткіштерден анағұрлым төмен болғанын көрсетті (екінші Кесте). Кестені дайындау кезінде Одақтың 2010 жылға қатысты мәліметтері болған жоқ.

2010 КПО ҚАУІПСІЗДІК ЖОСПАРЫ

КПО-ның қолданыстағы бес жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиялық жоспарына үстеме ретінде және компанияның өндіріс қауіпсіздігін жақсартуда атқаратын қызметін бағыттау үшін КПО жетекшілік дағдыларын дамыту, мердігерлерді басқару, қауіп-қатерлер туралы хабардар болу және бақылау мен қарастыру секілді дамудың төрт басты мәселесіне негізделген 2010 жылғы қауіпсіздік жоспарын дайындады. Жоспарда нақтылы іс-әрекеттер және жауапкершіліктер белгіленген стратегиялық мақсаттар және жылдық міндеттер қойылған. КПО-ның жалпы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің үздіксіз жақсаруын қамтамасыз ету үшін жоғарыда аталған басты мәселелер төтенше жағдайларға дайындық, қауіп-қатерлерді басқару, оқыту мен біліктілік және байланыс секілді қосымша элементтермен толықтырылған.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК

Стратегиялық мақсаты:	КПО ішінде қауіпсіздік техникасындағы жетекшілік туралы түсінікті, оның кеңінен таралуын, қызметкерлер қатысымын және құндылығын жақсарту
-----------------------	---

Қызметкерлерді қауіпсіздік техникасында жетекшілікті көрсетуге бейімдеу мақсатында «Қауіпсіздік техникасындағы жетекшілікті дамыту» оқу курстары шетелдік мамандармен өткізілді. Нәтижесінде 419 адам оқытылды (оның 353-КПО қызметкерлері, 66-мердігерлер). Жетекшіліктің тиімділігін өлшеу үшін 2010 жылы жетекшіліктің бастапқы критерийі және нұсқауы дайындалып, тексерілді. Алдағы жылдары жұмыстар толығымен қорытындыланған кезде, осындай критерий жетекшілікті көрсету көрсеткіштеріне енгізіледі.



МЕРДІГЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Стратегиялық мақсаты:	КПО-ның мердігер жұмысына қатысты талабына сәйкес болу үшін мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аясындағы жұмысын жақсарту
-----------------------	--

Түрлі бөлім өкілдері қатысқан Мердігер жұмысын саралау жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобына берілген тапсырмалар:

- Қазіргі мердігерлердің жұмыс істеу практикасын және білім деңгейін бағалау;
- Келісім-шарт жұмыс істеу шеңберін қайта құру және мердігердің келісім-шарт шеңберінің әрбір кезеңіндегі рөлі мен жауапкершілігін анықтау;
- Өлемдік тәжірибелерге сүйене отырып мердігерлерге арнаулы нұсқаулар мен құралдарды жетілдіру.

Келісімшарт иелерімен жүргізілген мердігер аудиттерінің шынайылығын қарастыру жүзеге асырылды. Бұл шынайылықты тексеру бағдарламасының мақсаты келісімшарт иелері өткізген мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-ға сәйкестілігін тексеретін аудиттерді тәуелсіз қарастыру; аудиттердің дұрыс, сәйкес, жүйеленген әдіспен өткізілгендігін қадағалау; және мердігерлер D кестесі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары талаптарына сай тиімді қарастырылуын тексеру болып келеді. Шынайылықты қарастыру, сонымен қатар қолданыстағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ сәйкестілігіне мердігерлерді тексеру аудиттерінің кемшіліктерін анықтап, жақсарту жолдарын ойластырып және компания ішінде келісімшарт иелеріне кем дегенде сәйкес аудит бағдарламасын/жоспарын/қарастырылатын сұрақтар аясын дайындауға көмектеседі.

Жалпы шынайылықты тексеру аудит кестесі КПО келісімшарт иелері дайындаған мердігерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ сәйкестілігіне тексеру аудиттер негізінде дайындалды. 2010 жылы келісімшарт иелер бөлімдерге еш қатысы жоқ КПО мамандары жалпы шынайылықты тексеру аудит кестесінен кездейсоқ таңдап алынған төрт шынайылықты қарастыру аудитіне қатысты.

ҚАУІП-ҚАТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР БОЛУ

Стратегиялық мақсаты:	Барлық қызметкерлердің (КПО мен мердігерлер) қауіп-қатерлер туралы білімін жақсарту; Тұрақты қауіп-қатерлерді хабарлау жүйесін енгізу; Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы тиімділігін және қолданысын жақсарту.
-----------------------	--

Қызметкерлердің жұмыс орны қатерлерін дұрыс және уақтылы табуын жақсартуға, ықтимал салдарын анықтауға, бақылау шараларын қолдануға қатысты элемент ретінде қызметкерлердің қауіп-қатерлер туралы хабардар болу, хабарлау, саралау және қауіп-қатерлерді бақылау жүйелері де қауіпсіздік жоспарына енгізілді. Қауіп-қатерлерді хабарлау үлгісі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге және апаттардың алдын алуға көмектесетін аса бөлсенді сайман ретінде кез келген қызметкерге алаңдаушылық білдіріп немесе қауіп-қатерлерді хабарлауға мүмкіндік береді.

Негізгі мұнай және газ жұмыстарында ғана емес, сонымен қатар құрылыс, логистика, сақтау қоймасы және кеңсе жұмыстарында кездесетін қауіп-қатерлер туралы арнаулы қауіп-қатерлерді анықтау оқу материалдары дайындалды. Бұл жобаның сапалы және уақтылы жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін «Оқытушыны оқыту» сессияларын өткізіп, оқу курсының тиімділігін бақылау, бағалау формалары арқылы кері байланыс орнату және бағалау мен сауалнама формалары арқылы сараптама жасау ұйғарылды.

Аталмыш арнаулы оқу бағдарламасына КПО және мердігер компанияларынан 7000-ға жуық қызметкерлер қатысты.



Апаттық жағдайда әрекет ету бойынша кешенді жаттығулар

БАҚЫЛАУ МЕН ҚАРАСТЫРУ

Стратегиялық мақсаты:	тиімді бақылау және басқаруды қарастыру әдістері мен үдерістері
-----------------------	---

2009 жылдың аяғында орын алған қазалы оқиғаны зерттеу нәтижелері негізінде бөлімаларлық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жетекшілік сапарлары жаңа бөлсенді сайман ретінде енгізілді. Компанияның әр түрлі құрметті бөлім/директорат жетекшілері қауіпсіздік техникасына көп көңіл бөлетіндігін және қызметкерлерінің жұмысы мен қауіпсіздігі толғандыратындығын көрсету үшін жұмыс учаскелеріне барады. Бұл тексерулердің басты идеясы

қызметкерлермен дәл жұмыс орнында екі жақты қарым-қатынас орнату. Кездесулер барысында компания және мердігерлер қызметкерлерінен өмір сақтау ережелері сұралады және жалпы және арнаулы қауіп-қатерлер білімі тексеріледі.

2010 жылы 90-нан астам менеджер мен супервайзерлер 44 бөлімаларлық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жетекшілік сапарларға қатысты. Бұл оқу құралы 2011 жылы да өз қолданысын табады.

Қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында 2010 жылы енгізілген элементтердің бірі – төтенше жағдайға дайындық. Апаттық жағдай болу ықтималдығын, компанияның төтенше жағдайға дайындығы және төтенше жағдайда тиімді әрекет ету мүмкіншіліктеріне баға беру және кризисті басқару кезінде үздіксіз және тиімді жетекшілікті қамтамасыз ету үшін КПО-ның төтенше жағдайда әрекет ету қызметінің барлық деңгейіндегі апаттық жағдайды басқару және кризисті басқару топтарына Апаттық және кризистік жағдайды басқару оқу курстары өткізілді. КПО-ның төтенше жағдайларда әрекет ету және басқару мүмкіншілігі 2010 жылы екі интеграцияланған төтенше жағдайда әрекет ету жаттығулары – КПО төтенше жағдайда әрекет ету құрылымының үш деңгейі қатысқан «ЕСНО» жаттығуы және «CONOR» жаттығуы арқылы көрініс тапты. Екі жаттығу барысында КПО-ның төтенше бөлімдері, топтары мен қызметтері (қауіпсіздік қызметі, төтенше жағдайда әрекет ету және құтқару топтары, өрт сөндірушілер, медициналық көмек көрсету топтары, транспорт бөлімі және т.б.) қатысқан барлық әрекет ету деңгейлерінің біріккен әрекеттерін тексеру көзделді. Бұл жаттығулар болуы ықтимал төтенше жағдайға КПО ресурстарының дайындығын байқау үшін ұйымдастырылды.

Оқыту мен біліктілікке байланысты 2009 жылы енгізілген Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және дамыту бағдарламасы (STEP) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі қызметкерлер жұмысының бағасын арттыру мен КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және өндірістік қызметтегі барлық жұмыскерлер білімін және дағдыларын дамыту үшін дайындалған. Халықаралық расталған стандарттарға сай жасалған бұл бағдарлама басты дағдыларға оқыту мен дағдыларды кеңінен дамыту арқылы біліктілік кемшіліктерін жою үшін жалғастырылды. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің елдің Заң жүйесін халықаралық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарына сәйкестендіру стратегиясына сай дамытылды. Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және дамыту бағдарламасы (STEP), сонымен қатар, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы институтының талаптарына сай, және OPIТО, Petroskills және NEBOSH-пен қабылданған КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласының кәсіпқойларына арнаулы халықаралық белгілі ENTO стандарттары негізінде дайындалып, жұмысқа кедергі жасамайтын кәсіби бағдарламасын қамтиды. 2010 жылдың наурыз айынан КПО-да жеке тұлғаларға өздерінің күнделікті іс-әрекеттерінің арқасында инспекция жасау техникасын дамытуға және білім базасын толықтыруға мүмкіндік беретін жеке дайындық және бағалау бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бағдарламаға 23 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлім өкілдері қатысып бастады.

88% Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы институтының қауіпсіз басқару (1 және 2 кезең) қатысушылары емтихандарын тапсырып, соның ішіндегі 50 %-ы жоғары не орташа деңгейден жоғары деген нәтиже көрсетті. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

техникасы институтының оқыту бағдарламасы мердігерлерге де бейімделіп жасалуда.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

КПО өндіріс жұмыстарын алыс жерде жүргізгендіктен, қызметкерлер мен мердігерлер күн сайын жұмысқа бару үшін алыс қашықтықтарға жол жүру керек, сондықтан жолда болатын апаттар мен қатерлерді азайту КПО үшін маңызды мәселелердің бірі.

КПО компаниясының көлік жүргізушілерінің аса қатерлі ыңғайсыз жағдайларда қауіпсіз жүргізу қабілеттерін арттыру

үшін бірнеше бастамалар жүзеге асырылған. Олар қауіпсіз жүргізу курстарын және жолаушыларға берілетін қауіпсіз жүргізуді бақылау картасын, жылжымалы жол үсті патрулінің жұмысы және компанияның барлық көліктерінде көлік ішіндегі бақылау жүйесін қондыруды қамтиды. КПО және мердігерлер жүргізушілеріне үш тілде дайындалған қауіпсіздік парақтары таратылған. Бұл шаралар 2010 жылғы жол апаты оқиғалар жиілігінің (жүріп шыққан бір миллион км шаққанда болатын жол апаты оқиғалары) төмендеуіне септігін тигізді, дегенмен, жиілік 2009 жылғы 0,04 көрсеткішінен 2010 жылы 0,09 шамасына өсті.

Жергілікті ауылдардағы жол қауіпсіздігі КПО компаниясының назарындағы тағы бір сала. 2007 жылдан бастап КПО компаниясы жергілікті халықтың жол қауіпсіздігі туралы хабардар болуын жетілдіру мақсатымен жол қауіпсіздігі науқанын орындап, жүзеге асырған. Науқан компания ерікті қызметкерлері көмегімен жүзеге асырылған радио байланыс арқылы жол қауіпсіздігі туралы сауалнама жүргізу, көшедегі жарнама тақталарында ілінетін жол қауіпсіздігі туралы суреттерін салуға арналған жыл сайын өнер жарысын ұйымдастыру және мектептерде жол қауіпсіздігі жөнінде көрнекі хабарлама өткізу шараларын қамтиды.

Жол қауіпсіздігі науқанындарына үстеме шара ретінде КПО бірнеше инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстарын жүргізді, атап айтқанда, жылдамдықты бәсеңдететін шығыңқы тежеуіштер мен Ақсай қаласы жолдарының қауіпті бөліктерінде жол белгілерін орнатты, жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 20-дан астам автобус аялдамасын салды, оған қоса КПО қызметкерлер тұратын қалашықтың айналасындағы жолдарды жөнге келтірді. 2010 жылы аяқталған бұл жақсартулар іргелес орналасқан тұрғындардың көңілінен шықты, және қозғалысы көп жолдардың жанынан жаяу жүретін адамдарға арналған арнаулы кішігірім жолмен қамтамасыз ету шараларын да қамтиды.

2011 ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖОСПАРЫ

2010 жылы КПО қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және денсаулықты сақтау мәселелерін біріктіретін жеке бөлім жоспарларын қажет етпейтін біріккен 2011 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарын дайындады. Дегенмен бұл жоспар әр бөлімнің күнделікті жұмыстарына қажетті арнаулы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлім кестесін жоққа шығармайды.

2011 жылғы жоспар 2010 жылы алға қойылған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиясымен ұштастырылған және

Ақсай мектептерінің бірінде Жол қауіпсіздігі науқанының шараларын өткізу

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жүлделер – Үздік көлік жүргізушісі



2010 қауіпсіздік жоспарындағы төрт басты мәселені – қауіпсіздік техникасындағы (қазір ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) жетекшілік, мердігерлерді басқару, қауіп-қатерлерді білу және бақылау, қарастыру мен болған қателіктерден сабақ алуды әрі қарай дамытуды мақсат етіп отыр. 2011 жылғы жоспарға жол қауіпсіздігі бесінші элемент ретінде енгізілді. Үздіксіз дамуды меңзей отыра біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі элементтерін де дамытуды жалғастырамыз.

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

Қауіпсіздік туралы білімді көтеру мен дамыту және компания ішінде қауіпсіздік мәдениетін күшейтуді жалғастыру аса назар аударатын және біршама еңбекті қажет ететін мәселе.

Бұл жеті жоғары қатерлі жұмыстар жүргізу барысында ұстанатын міндетті қауіпсіздік талаптарына негізделген. Бұл міндетті талаптар КПО Алтын ережелерінде келтірілген және Қарашығанақта, біздің бас компаниялар активтерінде және жалпы мұнай және газ өндірісінде орын алған апаттардан үйренген сабақтарды қамтиды.

Қауіпсіздік мәдениетін күшейтуге бағытталған КПО жұмысы кен айналасындағы елді мекендерге де қатысты жүргізіліп жатыр. Компания мамандары жергілікті радио қызметімен ауыл тұрғындарына қызықты және пайдасы мол денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитын танымал радио бағдарламасын жүргізуде. Электрикалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, орман өрттері, жоғары қан қысымы және тағы басқа мәселелер қызу талқыланады.

АКТИВТЕРДІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДА СЕРІКТЕСТІК

2010 жылы КПО компаниясы жаңа құрылған Қазақстандық мұнай және газ операторлар қауымдастығында (ҚМГОҚ) маңызды рөл атқаруды жалғастырды. Бұл қауымдастық мұнай және газ саласындағы кездесетін қауіпсіздік техникасына байланысты мәселелерді ашық талқылап шешуге ынталары бар операторлардан құралған. Бұл бастама 2008 жылдың аяғында Төтенше жағдайлар министрлігінің көмегімен жүзеге асты. Бастаманың мақсаты әлемдегі мұнай және газ өнеркәсібі саласында ең жақсы практикалық шешімдерді анықтап, қауіпті өндірістік объектілерде жалпы қауіпсіздікті арттыруға көмектесу үшін Қазақстанда қолдану болды. 2010 жылы қауымдастықтың мүшелері 3 рет кездесіп, бірлесіп



КПО жедел медициналық көмек қызметіне жаңа реанимациялық автокөліктерді тапсыру

өрекет жасаудың маңызды салаларын өзара келісіп бекітті, оның ішінде ҚР нормативтері мен стандарттары ықпал ететін техникалық мәселелер болды (Мыс. қауіп-қатер факторларын ескере тексеріс өткізу, колонналар аралығындағы қысым және құбырлар тұтастығы). Назар аударуға тұрарлық мәселе қауымдастық Қазақстан Республикасы территориясындағы барлық операторлар қолдануы мүмкін жаңа шешім ұсыну мақсатында техникалық оқыту стандарттарын және кәсіп иелері біліктілігін растауды басқару жүйелерін қарастыру үшін Атырауда семинар өткізді.

Төтенше жағдайлар министрлігі, Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша мемлекеттік бақылау комитеті және Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің бірігіп өрекет етуінің арқасында КПО Қарашығанақ кеніші активтеріне қатысты активтерді қауіп-қатерлерді ескере отырып басқару әдісін ресми бекітіп, жаңа шешімдер дайындауда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп жатыр.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

КПО компаниясындағы денсаулықты басқару өндірістік аурулардың алдын алуға, қызметкерлердің денсаулығы мен жақсы тұрмыс халін қалыптастыруға және компанияға төтенше жағдайларда медициналық көмек көрсетуге бағытталған. Осы реттегі жұмыстар Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау нормативтеріне және халықаралық үздік практикаға сәйкес өткізілуде. Бұл қызметкерлерді және олар жұмыс істейтін және тұратын орталарын үздіксіз бақылауды, тиісті алдын алу шараларын ұйымдастыруды, кәсіби жұмыспен байланысты ауру-сырқауларды анықтауды және ем қолдануды қажет етеді.

Компания нысандарының алыс орналасқандығынан, атқарылатын жұмыстың аса қауіптілігінен, және КПО-ның қызметкерлер денсаулығына аса байыппен қарауы 2010 жылы халықаралық қабылданған стандарттарға сәйкес медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, екі бөлім бастығы, 22 дәрігер және 16 фельдшер Озық жүрек аурулары жағдайында өмір сақтау (ACLS) оқу курсына сәтті тамамдады, және екі бөлім бастығы Озық

Алғашқы көмек көрсету және төтенше жағдайда көмек көрсету қызметтері Қарашығанақ кеніші өндіріс нысандарындағы және тұрғылықты қалашықтағы төрт басты емханаларда қалыптастырылды. 22 дәрігер, 16 фельдшер және 22 жедел машина жүргізушілері басты төрт көмек көрсету топтарында және 24/7 жұмыс жасайтын қосымша бір жылжымалы топта қызмет атқарады. 2010 жылы қолданыстағы техниканы жаңарту мақсатында КПО жаңа алты жедел көмек көрсету машинасын сатып алды.

жарақат алған жағдайда өмір сақтау (ATLS) курсында оқыды. Аталмыш оқу курстары аса қатты жарақаттанған ауруларды емдеуде соңғы халықаралық үздік әдістерін үйренуге көмектесті.

КПО-ға төтенше жағдайда өрекет ету тиімділігін арттыру үшін жүйедегі кемшіліктерді анықтап, оларды жақсартуға көмектесетін медициналық төтенше жағдайда өрекет ету жоспары (MERP) 2010 жылы қайта қарастырылып, бірқатар жаттығулар өткізу арқылы қолданылымы тексерілді.

Денсаулық қауіп-қатерлерін бағалау 2010 жылы кеніштегі және кеніштен тыс жүргізілетін жұмыстар үшін де жалғасты. Денсаулық қауіп-қатерлерін бағалау нәтижелері денсаулықты бақылау жайттарын анықтауға және денсаулық қатерлерін азайтуға тиісті түзету шараларын табуға көмегін тигізді. Түзету шараларының аяқталуы жаңадан іске қосылған Synergі тіркеу жүйесі модулі арқылы қадағаланып отырады.

Алдын алу шаралары ретінде барлық қызметкерлер міндетті бастапқы және белгілі мерзім сайын қайталанатын денсаулықты тексеру комиссияларынан өтуге тиісті. Жүргізушілер сияқты кейбір топтағы қызметкерлер арнаулы медициналық тексерулерден және әр кезек басында болатын медициналық тексеруден өтуге міндеттелген. КПО қызметкерлері аталған медициналық тексерулерден өтпей, немесе денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыз болып танылса, оларға жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Қазақстан Республикасының санитарлық нормативтер мен стандарттарының талаптарына сәйкес кен орында жұмыс істейтін барлық қызметкерлер денсаулықты бақылау жоспарымен қамтамасыз етіледі, және КПО денсаулықты жан-жақты бақылау бағдарламасын жүзеге асырады. Белгілі бір ауруға шалдыққан қызметкерлерге алдын алу емін жасау мақсатында тұрақты медициналық тексеру қағаздары дайындалған. Заңнама талаптарына қоса, кен операцияларына қатысы жоқ қызметкерлердің жалпы денсаулық көрсеткіштерін бағалау, олардың денсаулық күтіміне көңіл бөлу маңыздылығы және ауру-сырқаттардың белгілерін бастапқы кезеңде табу керектігі жөнінде білімін арттыру үшін кен орнында жұмыс істемейтін қызметкерлерді жете медициналық тексеруден өткізу бағдарламасы жетілдірілген болатын.

Санитарлық лаборатория атқаратын жұмыстар:

- 1** Міңдетті түрдегі гигиеналық бақылау, оның қатарына физикалық факторлардың (жарық, шу, вибрация, электромагниттік өріс, электростатикалық өріс, микроклимат) және жұмыс орны ауасының өлшенуі (күкіртті сутек, көміртек тотығы, азот диоксиді, меркаптандар, минералды майлар, бензол және тб).
- 2** Кеніштегі және тұрғылықты қалашықтардағы тамақ беру орындарын тексеру.
- 3** Жұмыс орнын тексеру, эргономиканы бағалау.
- 4** Өнеркәсіптік гигиена мәселелерінде кеңес беру.

2010 жылы ұлттық денсаулық сақтау мекемелерінің көмегі арқасында 23 кәсіптік ауру ресми түрде тіркелді, оның 22-і шу әсерінен болған түрлі дәрежедегі керендік аурулары болса, біреуі кәсіптік тері ауруы болып шықты. Керендік ауруына шалдыққан адамдар есту қабілеттерін 2010 жылға дейін жоғалтқандығы жөнінде таусылмас талас жүргізуге болатын еді. Барлық адамдар медициналық тексеруден өтіп, 2010 жылдың наурыз-сәуір айларында Кәсіптік ауру мен жұмыс орны гигиенасы республикалық орталығында емделді. Шудың әсерінен болған керендік ауру жағдайлары біздің өндірісте есту мүшелері саулығын сақтап қалу маңыздылығын күшейтті. Нәтижесінде шу мен оның әсері және жеке қорғаныс сайманын дұрыс қолдану мәселелері жөнінде қызметкерлер білімін арттыруда қызу жұмыстар жүргізілуде.

2010 жылдың қараша айында Кәсіптік денсаулық және гигиена бөлімінің 10 қызметкері халықаралық танымал Эргономиканың құрамда бөліктері оқу курсына тамамдады. Эргономиканы бағалау бағдарламасы дайындалу үстінде.

Аллен Каррдың «Темекі шегуден оңай бас тарту» курсы 2010 жылы ұйымдастырылып, 130 адамның зиянды әдеттен айығуына көмектесті. Бұл алты айда 50 пайыздық жетістікке алып келген КПО қызметкерлерінің жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдығу қатерін азайту және салауатты өмір салтын жүргізуге түрткі болатын КПО бастамасы болды.

ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіз жұмыс ортасы КПО бизнесінің табысты жүруіне ықпал ететін басты мәселелердің бірі. КПО қауіпсіздік және адам құқықтары бойынша ерікті негіздерді таңдайды, және кәсіби білімсіздік, лайықсыз тәртіп және өз-өзін әдепсіз ұстау сияқты жағдайларға зейін салып, көңіл бөлуге шақырады, әрі осындай жағдайларды жасырмайтын қызметкерлерді мадақтайды.

КПО компаниясында қауіпсіздік саласында бағыт беретін басқару құралы 2009 жылы жарық көрген қауіпсіздікті қамтамасыз ету бас жоспары. Жоспар өз қызметкерлерімізді, материалдық активтерімізді, ақпараттарымыз бен абыройымызды қорғауға арналған, әрі корпоративті және түрлі операцияларға байланысты пайдалану нысандарына қатысты саясаттар, процедуралар және алынуға тиіс шараларды қамтиды.

КПО қауіпсіздік жүйесі 2010 жылы Бас компаниялармен және қараша айында компания ішінде жүргізілген Ішкі корпоративтік қауіпсіздік аудиті арқылы тексерілді. КПО кеніш ғимараттары мен өндіріс нысандарының шекарасы қауіпсіздігін қамтитын жаңа стандарт қалыптастырылды.

Жаңа Аполло кіру рұқсатын бақылау электроникалық жүйесі сатып алынды және бұл жүйе 2011 жылы іске қосылады. Аполло КПО қызметкерлерімен қатар мердігерлер қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа рұқсаттама (бейдж) жобасын енгізуге көмектеседі.

Құбыр периметрінде орын тепкен қауымдастықтармен қауіпсіздік турасында өзара байланыс жалғасты және заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау шаралары ретінде тиімді екендігін дәлелді.

2010 жылы екі қауіпсіздік қызметі жөніндегі бөлім бастықтары Біріккен Корольдіктегі қауіпсіздікті басқару халықаралық академиясында өткен қауіпсіздікті басқару бойынша жаттығу курстарына қатысты. Кеніштегі төрт қауіпсіздікті бақылау супервайзерлерінің біреуі Халықаралық басқару біліктілік дипломын алды.

2010 жылы Ақсай қаласы мен оған іргелес аймақтарда КПО қызметкерлері қатысқан апаттардың саны, сонымен қатар КПО ғимараттарында ұрлау жайттары да күрт азайды.

Құбырларға заңсыз қосылулар

Соңғы жылдары осындай оқиғалардың саны азайды және 2010 жылы ешқандай заңсыз қосылу жайттары тіркелмеді. КПО сақ болудан таянбайды және жетік қосылуға қарсы жүйесі, заманауи тексеру технологиялары мен жылдам әрекет ету арқылы заңсыз қосылуларды алдын алу, анықтау және тез жөндеу қабілеттілігін жақсартуды жалғастырып келеді. Бұл шаралар қауымдастықтардың денсаулығына, қоршаған ортаға және компания активтерінің толық қауіпсіздікте болуына кепілдік болады.



Лабораториялық зерттеулерді өткізу

Қоршаған ортаны қорғау аясында атқарылған жұмыстар

Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнында ҚОҚ саласында жақсы көрсеткіштерге жету үшін үздіксіз жұмыс атқару қажет. КПО аймақтағы қоршаған ортаны қорғау және климат өзгерісіне қарсы бүкіләлемдік іс-шараларға өз үлесін қосу мақсатында әлемдік дәрежеге сай техника мен инновациялық технологияларды қолданады.

Қарашығанақтағы ауа, топырақ, су, биотүрлілік және экожүйелерді қорғау қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады. Қоршаған ортаға әсер ететін мәселелер кез-келген жаңа жобаның ең бастапқы кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерлерді бағалау (EIA) арқылы айқындалады және ағымдағы өндірістік операцияларды бақылау бағдарламалары, алдын-алу және азайту шаралары Қазақстан заңына және біздің Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі) жауаптыларға қойылатын талаптарға және процедураларға сәйкес жүргізілуде. КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі өндірістік озық практикалық қолданылымына сәйкес енгізілді және 2008 жылы ISO 14001 сертификатына ие болды. Халықаралық стандартқа сәйкес деген сертификатқа қол жеткізу үздіксіз табанды еңбекті талап етеді. 2010 жылы сертификаттау жүйесін сырттай тексеруші топтар КПО-ның ISO 14001 стандартына сәйкестілігін тексеру мақсатында екі біріккен ISO 14001 және OHSAS бақылау аудиттерін жүргізді. Қоршаған ортаны қорғау және кәсіптік денсаулық пен қауіпсіздік техникасы басқару жүйелерін қайтадан сертификаттаудан өткізу 2011 жылдың тамыз айына жоспарланып отыр.

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

Соңғы жылдары көмірсутектерді өндіру жұмыстарымен байланысты атмосфераны ластайтын шығарындылар көлемін азайту мақсатында КПО түрлі жаңа әдістер мен технологияларды жетілдірді және енгізді.

Атап айтқанда, 2008-2010 жылдар аралығында КПО шығарындылар көлемін азайтуда мынадай шараларды іске асырды:


- Қажет болған жағдайда газ ағымын ҚӨК-нен ГҚДҚ-3-ке жіберілуіне мүмкіндік жасайтын ГҚДҚ-2 байпас желісін қондырды. Бұл өз кезегінде газды өртеу жұмыстарын азайтады.
- Ұңғыма сынағы кезінде өндіріс нысандарының тест сепараторларын қолдану арқылы ұңғымалар сынағын көмірсутектерді өртемей өткізуге болады.
- МТУ-600 нысанынан (Қарашығанақ кенішінде ГҚДҚ-3 жақын орналасқан мұнай өңдеу компаниясы) тез бөлінетін газды қабылдап, компрессиялайтын қондырғыны орнату. 2010 жылдың қаңтар айынан бастап бұрын өртеуге жіберілетін жоғары күкіртті газдың 22 килотоннасы қайтадан технологиялық процеске жіберілді.

Соңғы үш жылда атмосфера шығарындыларының мұнай өндірісінің өлшем бірлігіне шаққандағы жалпы көрсеткіші 1.17-ден 1.02-ге төмендеді. 2010 жылғы шығарындылар көлемінің 2009 жылға қарағанда аздап көбеюіне 2010 жылы жоспарланған қауіпсіздік техникасы инспекциясы мен жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында болған технологиялық желілердің толық тоқтатылымы әсер етті. Технологиялық желілердің тоқтатылуы кезінде өндіріс тоқтатылғанмен, шығарындылардың ұлғаюына сынақ жұмыстары кезінде әлі де пайда болатын шығарындылар себеп болады.

2010 жылы КПО 2011-2013 жылдарға Қоршаған ортаға шығарындылар тастау рұқсатын алу және 2011-2013 жылдарға Қарашығанақ кеніші мен экспорттық конденсат құбырына КПО өндірісінің қоршаған ортаға әсерін бақылау бағдарламасын дайындау үшін қыруар жұмыс атқарды.

1997 жылы Қарашығанақты өндіру басшылығын алғаннан бері КПО кен орнының экологиялық көрсеткіштерін арттыру мақсатында жүргізілген арнаулы қоршаған ортаны қорғау шараларына 156 миллион АҚШ долларын жұмсады. 2010 жылы атмосфераға тасталған шығарындылар, су тұтынысы мен қалдық су және қалдықтар көлемі жөнінде толық ақпарат осы есептің соңындағы ақпарат кестесінде берілген.

Өндіріс көлемі және ластанушы заттардың шығарындылары, 2010 жыл




ГАЗДЫ

Газды жандыру – шығарындыларды одан әрі азайту және көмірсутектер өндіру тиімділігін арттыру үшін КПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерінің алғышарты болып қалады. КПО 2010 жылы жалпы өндірілген газдың тек 0,13%-ын (2009 жылы 0,14%) өртеген болса да, біз нысанның үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және шығарындыларды азайту технологияларын одан әрі енгізу жолдарын (әсіресе ұңғыманы сынақтан өткізу және тазалау саласы бойынша) іздестірудеміз.

Өртелген газ көлемі 2009 жылмен салыстырғанда (2009 жылы 21,7 миллион стандартты текше метр көрсеткішінен 2010 жылы 20,03 миллион стандартты текше метрге) сегіз пайызға төмендеді.

2010 жылы КПО ұңғыманы тазалау жұмыстары кезінде көмірсутекті сұйықтықтарды қайта пайдаланудың экономикалық пайдалылығын зерттеуді бастады. Бұл бастаманы енгізу көмірсутекті сұйықтықтардың өртелуін жылына 2800 тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.



249
бұрғылау
станогі



2010 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ


2010 жылы газды пайдаға асырудың әлемдік дәрежедегі көрсеткіші 99,87%-ға (2009 жылы 99,86 %) қол жеткіздік. Газды қайта пайдаға асыру бағдарламасы бойынша басқарушы органдардың бекіткен көрсеткіші – 99,66% болатын.

2010 жылы КПО 15 миллиард текше метрден (млрд м³) астам газ өндірді. Оның:

- 7,90 млрд м³ (52,64%) Орынбор арқылы сатылды. КПО осы бағыт арқылы газ сату көлемін арттыру мақсатында жұмыс жасап жатыр;
- 6,43 млрд м³ (42,89%) жоғары қысымда күкіртті газды кері айдау жаңа технологиясын қолдану арқылы жер қабатына кері айдалды;
- 0,65 млрд м³ (4,33%) нысандар мен жергілікті тұрғындарды энергия көзімен қамтамасыз ету мақсатында көгілдір отын ретінде пайдаланылды; және

■ тек 0,02 млрд м³ (0,13%) газ өртелді, бұл Қарашығанақтың Қазақстандағы мұнай газ конденсат кен орындарының ішінде газды пайдаға асыру бойынша жетекші орын алатынын дәлелдейді.

2010 жылғы КПО-ның газды пайдаға асыруы





Жылжымалы
қоршаған ортаны
бақылау станциясы

АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ

Қоршаған ортаны қорғау кодексінің 14 тарау талаптарына сай дайындалған және Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы департаменті, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Атырау облысы Департаментімен бекітілген Қарашығанақ мұнай газ және конденсат кеніші мен экспорттық конденсат құбырларына арналған 2008-2010 жылдарға КПО Өндірістік аймақта қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы негізінде Қарашығанақ кен орны аумағында және оған жақын орналасқан ауылдарда ауа сапасы үнемі тексеріліп отырады.

Бақылау нәтижелері атмосфераны ластаушы заттардың кен орнында және оған жақын орналасқан аймақтарда бақылаушы органдармен белгіленетін ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті рауалынан әлдеқайда төмен екенін көрсетті. Қарашығанақ кеніші мен оның әсер ету аймағының ауа құрамында ластаушы заттар шоғырлануының белгісі жоқ.

КПО қажет аймақтарда ауа сапасын уақтылы бақылау қабілетін жақсарту мақсатында екінші жылжымалы қоршаған ортаны бақылау станциясын сатып алды. Оған қоса, Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен басқарылған Березовка жұмыс тобы жұмысының нәтижесінде КПО Березовка ауылында қондырылатын екі қосымша тұрақты қоршаған ортаны бақылау станцияларын орнату жерін, жұмыс жобасын ойластыруды және жабдықталуын қолға алды. Бұл ауылдағы ауа сапасының қауіпсіздігіне қосымша сенімділік береді. Сонымен қатар, КПО Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен біріге сәйкес өкілетті мекемелерінің бақылау ақпаратына онлайн рұқсат беру турасында жұмыс атқарып жатыр.


КПО-да жүргізілген ауа сапасын бақылау ақпараты және елді мекендердің төтенше жағдайларға дайындығы осы есептің жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас бөлімінде толық қамтылған.

ПАРНИКТІ ГАЗДЫ АЗАЙТУ СТРАТЕГИЯСЫ

КПО Қазақстан Республикасының талаптарына және Киото протоколы бойынша міндеттеріне сәйкес ғаламдық жылуға әкелетін парникті газ шығарындыларын азайту міндетін алды. Компанияның парникті газды азайту стратегиясында бес жыл ішінде парникті газ құрамындағы CO₂-экв. бір миллион тоннаға азайтуға әкелетін арнаулы мақсаттар мен міндеттер анықталған. Жоғарғы басшылық бекіткен стратегия өндірістік оңтайландыру тәжірибесін кеңейту, ең озық қолжетімді технологияларды қолдану, мақсатты қаржы салымы, көп шығынды қажет етпейтін үлкен пайда әкелуге бағытталған жобалардың маңыздылығын анықтау, маңызды бастапқы зерттеу жүргізу және мәліметтер дұрыстығына тексерулер жүргізуге негізделген.

Бас компаниялардың парникті газ шығарындыларын есептеу әдістемесі бойынша 2010 жылы парникті газ шығарындылары (CO₂-экв.) 2009 жылғы 2,043 миллион тоннадан 1,962 миллион тоннаға азайды. Дегенмен, парникті газ шығарындылары өндірістің миллион барреліне шаққандағы көрсеткіші 2009 жылғы

Парниктік газ шығарындары
(көміртек диоксиді эквивалентті)
Тонна / миллион баррель



көрсеткіштен аз ғана жоғарылады, оған 2010 жылғы болған толық тоқтатылым және өндірістің азаюы әсер етті. Барлық азайтылған парникті газ көлемі КПО-ға осы қол жеткізген көрсеткіштердің нақтылығы туралы кепілдеме беру мақсатында жыл сайын тәуелсіз компаниямен тексеріліп отырады. Атап айтқанда, 2010 жылғы анықталған парникті газдың азаюы 34,496 CO₂-экв. тең болды.

СУ

Тұщы су көзін сақтау бүкіл адамзат баласын толғандыратын басты және маңызды мәселелердің бірі, себебі су тек өндірісті дамыту үшін қажетті шикізат қана емес, бірақ, ең бастысы, өмірдің бастауы. КПО су ресурстарын тиімді пайдалану, сақтау шараларын қолдану және мүмкін болған жағдайда қайта пайдалану арқылы тұщы су қолданысын оңтайландыруға ұмтылуда. 2010 жылы КПО Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бекітілген нормативті-құқықтық құжат дайындады. Осы құжат аясында Қарашығанақ мұнай газ және конденсат кенішінде суды басқару жүйесі тексеріліп, пайдаланылған су мен су шығыны көлемі есептелініп, арнаулы өндіріс учаскелеріне су теңдестік парағы дайындалды және 2011-2013 жылдарға ластаушы заттардың максималды рұқсат етілген шектеулі көлемдері белгіленді. Оның үстіне, КПО кеніштегі су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін дұрыс басқаруды және белгіленген шектеулер мен суды пайдалану шарттарына сәйкес болуды қамтамасыз ететін өндіріс нысандарында суды пайдалану мен су шығынын есептеуді бақылау үшін ішкі нұсқау енгізді.

Су сапасын тексеру, су ағымын құжаттау, ықтимал ластаушы заттардың миграциясын бақылау және қолданыстағы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатында жер үсті және жер асты сулары бақыланады.

ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫН БАҚЫЛАУ

2008-2010 жылдарға арналған Жер асты суларын бақылау бағдарламасының шеңберінде КПО 2010 жылы ГҚДҚ-2, КСС және ҚӨК-нің ластанбаған аймақтарынан жауын-шашын және еріген қар суы жиналатын лагуналар мен құрылыстағы қалдық тастайтын арнаулы жер айналасында бұрғыланған сегіз жаңа бақылау

ұңғымаларынан ақпараттар жинай бастады. Жалпы алғанда, Қарашығанақ кеніші мен Атырау терминалына арналған бақылау желісі тоқсан сайын тексеріліп отыратын 67 суды бақылау ұңғымаларынан тұрады.

Бақылау ақпаратына сүйенетін болсақ, қалдықтар мен қалдық суларға арналған жер үсті жинақтау тоғандарын пайдаланудан есеп беру кезінде Қарашығанақ кен орны территориясындағы жер асты суларының сапалық деңгейінде ешқандай төмендеу байқалмаған деген ұйғарымды көрсетті.

ТЕХНИКАЛЫҚ СУ

Қарашығанақ кеніші өндірістік қажеттіліктеріне қажетті судың басты көзі – Кончубай су қоймасындағы техникалық су тоғаны. Осы тоғаннан 2010 жылы КПО техникалық қажеттіліктеріне пайдаланылған су көлемі 2009 жылғы 354, 189 м³ көрсеткішіндей еш өзгеріссіз қалды.

2010 жылы пайдаланылған су көлемі Республикалық арнаулы су қолдану рұқсатымен Кончубай су қоймасынан жер үсті суды қолдануға рұқсат етілген су көлемінің тек екіден үшіне тең болды (528,280 м³).

Тұщы судың қолданылымын азайту үшін компания техникалық қажеттіліктерге пайдаланылған суды қайта қолдануға және қайта өңдеуге қажетті күш жұмсауда. Сондықтан, 2010 жылы компания осы бағытта жұмыстар атқаруды жалғастырды:

- 1 2010-2013 жылдарға арналған кеніште қалдық суды қайта пайдалану жөнінде техникалық нормативтік-құқықтық құжат дайындалып, Қазақстан Республикасы өкілетті мекемелерімен бекітілді.
- 2 Осы шаралардың нәтижесінде ұңғыма операцияларына қажетті бұрғылау ерітіндісін дайындауға, ағаштарды суаруға және шаң басуға қолданылған өңделген қалдық судың көлемі 2010 жылы 40,093 м³-ге тең болды.
- 3 Жергілікті аймақтарды жауын-шашын салдарынан шайып кетуден сақтауға көмектесетін кеніш нысандарына жақын аймақтарда жауын-шашын суын жинау және өңдеу жүйесі іске қосылуда. Осы жүйе арқасында өңделген су ағаш суаруға қолданылады. 2010 жылы жергілікті аймақтарды шайып кету 2009 жылмен салыстырғанда 30 пайызға азайды.
- 4 Қалдық суды тазалау сапасын жақсарту үшін Кезең II КПО өндірістік нысандарындағы тұрмыстық және мұнайлы қалдық суды тазалау құрылғыларын модернизациялау жұмыстары жалғасуда:
 - Жалпы концептуалды модернизациялау жобасына сай КПО нысандарына жеке дизайнер дайындалды және мемлекеттік сараптамалық қарастыруға жіберілді. Модернизациялау жобасын жүзеге асыру 2011 жылға жоспарланып отыр.
 - ГҚДҚ-2 тұрмыстық қалдық суды тиімді тазалау құрылғыларын сақтап қалу жұмыстары жүргізілді және тазартылмаған тұрмыстық қалдық суды КСС тазалау құрылғыларына көлік арқылы тасымалдау жүзеге асырылды.

Кончубай су қоймасы және Березовка өзеніндегі су сапасын бақылау жүргізіледі және су сақтау учаскелеріне аса көңіл бөлінеді.

Суды пайдалану мөлшері



АУЫЗ СУ


Қарашығанақ кенішіндегі ауызсу көзі – Жарсуат су жүйесі. КПО-ның ауыз су ретінде пайдаланылған су көлемі 2010 жылы 184,932 м3 болды; бұл көрсеткіш 2009 жылдық деңгейге қарағанда төрт пайызға төмен. Мұндай төмен көрсеткішке компанияның суды тиімді пайдалану турасында атқарған келесі жұмыстары арқасында қол жеткізілді:

- Су пайдалануды жақсарту;
- Суды пайдалану шарты мен белгіленген шектеулерге сәйкестік;
- Су құрылғыларын және техникалық құралдарды дұрыс күйде ұстау, су ағыу секілді су жоғалтуды болдырмау мақсатында су құбыры мен бөлшектерінің уақтылы техникалық қызметтен өтуі;
- Су ресурстарын пайдалану жазбаларын сақтау және уақтылы есеп беру.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

2010 жылы КПО-ның өндірістік нысандарында пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 32%-ға, яки 46,928 тоннаға дейін азайды. Бұл көрсеткіш қалдықты өңдеумен және 2009 жылмен салыстырғанда жаңа ұңғымалар бұрғылаудың көлемі азаюына байланысты.

Эко
Орталық



Қалдықтарды қайта өңдеу Эко-орталықта жүзеге асырылады. Эко-орталық құрамына мынадай нысандар кіреді: мұнай негізіндегі бұрғылау шламын тиімді, әрі қауіпсіз өңдеуге мүмкіндік беретін шламды Термомеханикалық қалдықтар тазарту зауыты; бұрғылау ерітіндісін араластыруға және қайта өңдеуге арналған Бұрғылау ерітінділері зауыты; мұнай өнімдерімен ластанған суларды тазарту, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу кезінде пайдаланылған тұзды суларды қайта пайдалану және ұңғыманың жоғарғы бөлігін бұрғылау операцияларына қолданылған су негізді бұрғылау ерітінділерін қайта өңдеуге мүмкіндік беретін Бұрғылау ерітінділерін өңдеу зауыты және бұрғылау шламдарынан басқа мұнай өнімдері және қатты қалдықтармен бүлінген топырақ пен материалдарды өңдеуге арналған Айналым қалдықтарды өртеу пеші.

Эко-орталық КПО-ға 65% мұнай негізді бұрғылау ерітінділерінен тұратын қымбат негізгі мұнайды өндіруге және қайта қолдануға, бұрғылау шламдары құрамынан мұнай негізін және суды бөлуге мүмкіндік береді, осының нәтижесінде орналастыру аймағына тасталатын қалдықтар көлемі азаяды. Жалпы мақсаттағы қалдықты өртеу пеші құрылыс үстінде. Іске қосылған кезде, бұл пеш тұрмыстық қалдықтың көлемін 95 пайызға дейін кішірейтуге мүмкіндік беретін болады. Оған қоса, өңделген бұрғылау қалдықтарын қауіпсіз орналастыру үшін КПО бүгінгі күні Эко-орталық аймағында қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келетін тұрақты қалдықтарды көму полигонын салып жатыр.

2010 жылы Эко-орталықта қайта өңделген немесе пайдаға асырылған қалдықтар көлемі төмендегі кестеде берілген.

Қалдықтар	Көлемі (тонна)
Құрамындағы негізгі мұнайды қайта қолдану үшін Термомеханикалық қалдықтар тазарту зауытында өңделген бұрғылау шламдары (бұрғылау станоктар басында пайда болатын).	15,703
Мұнайлы бұрғылау ерітіндісін жасауға қолдану мақсатында негізгі мұнайды (бастапқы) қайта өңдеу	945
Бұрғылау ерітінділері зауытында қайта өңделген бұрғылау ерітіндісі және тұзды су	10,950
Бұрғылау ерітінділерін өңдеу зауытында қайта өңделген бұрғылау жұмыстарынан пайда болған қалдық су	6,618
Көмудің алдында көмірсутектерден айыру үшін Айналым қалдықты өртеу пешінде өңделген бұрғылау мен өндіріс жұмыстарының қатты қалдықтары	1,332

Грифон аймағын биологиялық қалпына келтіру жобасы



Сонымен қатар қазіргі таңда келесі жобалар жүзеге асырылуда:

■ 2010 жылы КПО төрт кеңсесінде қалдық қағазды бөлек жинау сынама жобасы іске қосылды және сәтті өткізілуде. Қалдық қағаз жиналып, 2009 жылы қағаз қалдықтарын өңдеу туралы меморандумға қол қойылған Павлодар қағаздарды қайта өңдеу зауытына жіберілді.

■ Тұрмыстық қалдық су тұнбасын өңдеудің шешімдерін қарастыру үшін зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстың қоршаған ортаны қорғау және экономикалық тұрғыдан практикалық құндылығы зор, себебі су тұнбасын органикалық тыңайтқыш ретінде қолдану су қоймаларда тұнбаның жиналуына жол бермейді және оны қоқыс сақтайтын жерлерге шығару шығынын қысқартады. Сонымен қатар, тұнбаны қолдану жер құнарлығын жақсартып, тұқымдардың жақсы дақыл беруіне, құрғақшылықпен күресуге және ағаштардың аязда үсіп кетпеуіне көмектеседі.

МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУІ

2010 жылы мұнайдың төгілуі тіркелмеді.

ГРИФОНДЫҚ АЙМАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

КПО 1987 жылы 427-і ұңғыма атқылауы салдарынан Грифон аймағындағы ластанған жерлерді ауылшаруашылық мақсатына қайта пайдалану үшін қалпына келтіру жұмыстарын 2000 жылдан бастап жүргізуде. Қайта қалпына келтірілуі тиіс ластанған топырақ 49,1 га жерді алып жатыр.

2010 жылы қайта қалпына келтіру жұмыстары жоба кестесіне сай жалғасты және жобаны толық бітіруге 13.1 га жердің топырағын қалпына келтіру жұмыстары қалды. Осы жұмыстар 2011 жылы аяқталады.

БИОТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Биотүрлілікті сақтау мәселесінің экономикалық, экологиялық және саяси жағдайға байланысты маңызы артты және қазіргі таңда аса бір толғандыратын мәселелердің біріне айналды. Бірқатар халықаралық келісімдерге (Биологиялық түрлілік конвенциясы, Картагена протоколы) қол қойылғандығын ескерсек, көптеген елдер биотүрлілікті сақтау және қалпына келтіру турасында арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Биотүрлілікті сақтау экожүйенің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етуінің басты алғышарты.

КПО да бұл мәселеден тыс қалмады, себебі Қарашығанақ кенішінде және кенішке жақын орналасқан аймақтарда Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және жойылу қаупі бар өсімдіктер мен жануарлардың түрлері кездеседі.

2010 жылы компания биотүрлілікті сақтау турасында зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу аясында биотүрліліктің бастапқы жағдайы мен кеніш жұмыстарының оған тигізген әсері қарастырылды. Нәтижесінде, КПО жұмыстарды атқаруда кеніштегі флора мен фаунаға зиянды әсерін азайтуға және болдырмауға бағытталған биотүрлілік іс-әрекет жоспарын және стандартын дайындады.

2011 жылғы бұдан арғы сақтау және қалпына келтіру жұмыстарының мақсаты биотүрлілік іс-әрекет жоспарын және стандартты ендіру және олардың жүзеге асуын бақылау болып келеді.

Қарашығанаққа көз жүгірту

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСҚАН ЖҮЙЕ

Қазіргі таңда Қарашығанақта жалпы саны 354 ұңғыманың 85 өндіруші және 15 тазартылмаған газды қайта айдау ұңғымалары жұмыс істеуде. Өндіру мен өңдеу үш негізгі нысандарда жүзеге асырылады – Қарашығанақ Өңдеу Кешені, ГҚДҚ 2 және ГҚДҚ 3. Басты нысандарды өзара жалғастырып, ұңғымалардан өндірілген мұнайдың нысандар арасында өтімді ағуын қамтамасыз ететін шамамен 2000 км құбыр ішкі кәсіптік құбырлар жүйесін құрайды.

КӨК

Қарашығанақ Өңдеу Кешені 32 өндіруші ұңғымадан және ГҚДҚ 2-нан келетін мұнайлы конденсатты өңдейді. Мұнай мен газ өнімді жинап – бөлу құрылғысында бөлінеді. Келуші мұнай 3 тұрақтандыру технологиялық желісінде өңделіп, экспорт құбыры арқылы Атырауға жіберіліп, одан әрі халықаралық нарықтарға сатылымға шығарылады.

Газ фазасы екі ағымға бөлінеді. Бірінші ағым кеніштің жағармай газға қажеттілігін өтеу, яғни электр станцияларды қолдану үшін және жергілікті нарықты тазартылған газбен қамтамасыз ету мақсатында тазарту зауытына жіберіледі де, екінші ағым ГҚДҚ 2-на газды жер астына қайта айдауға және/немесе ГҚДҚ 3-на Орынборға экспортқа шығару үшін жіберіледі.

ГҚДҚ 3

ГҚДҚ 3 1984 жылдан бері жұмыс істеп келеді және 30 ұңғымадан келетін газ мұнай конденсатты бөліп, жартылай тұрақтандырып, экспорт құбыры арқылы Ресейдегі Орынбор өңдеу зауытындағы өңдеу қондырғысына жібереді.

Сонымен қатар, тұрақтандырылмаған конденсат көрші орналасқан жеке нысанға өңдеуге жіберіледі.


ГҚДҚ 2

ГҚДҚ 2-да қолданылатын үздік технология оны ерекше көп функционалды нысан ретінде белгілейді. Ол тазартылмаған жоғары қысымды газды бөліп, өңдеп және жерге қайта айдап, мұнай өндіріп, содан соң экспортқа шығарар алдында ҚӨК-не тұрақтандыруға жібереді. ГҚДҚ 2-на 19 өндіру ұңғымасы жалғанған.


ГҚДҚ 2-да инновациялық жоғары қысымда тазартылмаған газды қайта айдау жүйесі жұмыс істейді. Үш компрессор құрамындағы H₂S бар (9% дейін) газды 550 бар қысымда қайта айдауды жүзеге асырады. Осы газды қайта айдау схемасы ұтымды екендігі расталды, себебі ол қысымды жартылай ұстап тұруға, сұйықтықты қалпына келтіруді жақсартуға мүмкіншілік туғызды, және қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін күкіртті бөлу қажеттілігін жойды.

ЭКО-ОРТАЛЫҚ

Эко-орталықтың басты өңдеу нысандарына мұнайлы бұрғылау қалдықтарын қауіпсіз де тиімді өңдейтін Термомеханикалық Қалдықтар Тазарту зауыты, бұрғылау ерітіндісін өңдеп, араластыратын өндіріс нысаны – Бұрғылау Ерітінділері Зауыты, сутекпен ластанған суды тазартатын, ұңғыманы жөндеу жұмыстарына қолданылатын тұзды суды қайта өңдейтін және жоғарғы қабаттағы бұрғылау операцияларына қажетті сулы ерітіндіні қалпына келтіретін Сұйықтықтарды Өңдеу Зауыты және мұнайлы топырақты және бұрғылау қалдықтарынан басқа заттарды өңдейтін Қалдықтарды Өртеу Айналымды Пеші кіреді.



Ресей Федерациясы



Қызметкерлерді дамыту

Қарашығанақ сияқты ауқымды көнді өндіру және пайдаға асыру мұнайшы инженерінен бастап техниктер, есепшілер мен материалдық және техникалық қамтамасыз ету мамандарынан тұратын мыңдаған білікті әрі өз жұмысына шын берілген мамандарды талап етеді.

Біздің қызметкерлеріміз болашақ табысымыздың кілті. Сондықтан біз ұлттық жұмыс күшін дамытуға танымал білім беру институттарымен бірге жұмыс істеп, тиісті оқу бөлмелермен қамтамасыз етіп және кәсіпорын бойынша серіктестеріміздің халықаралық тәжірибесін пайдаланып, зор үлес қосып келеміз.

мамандықтарды үйрену үшін компаниядан тыс жерде оқып келуге мүмкіндіктер жасау сияқты әдістерді қолданып, біз әрбір қызметкерімізге жеке оқыту және дамыту әдісін ұсынамыз. Мұндай әдістер бизнестегі дамыту қажеттілігін үздіксіз жаңартылып тұратын бағалауды талап етеді, сонымен қатар

КПО жұмыс күші



Компанияның болашақ жұмысында қауіпсіз және тиімді өндіріс процесін қамтамасыз ету үшін КПО-ның алдағы жылдардағы басты мақсаты компания ішінде Қазақстандық біліктілігі жоғары мамандарды қалдыру арқасында біліктілікті және білімділікті сақтап қалу.

2010 жылдың аяғында КПО-да істейтін қызметкерлер саны 4142 адам болды. 2010 жыл барысында ГҚДҚ-2 материалдарды алмастыру секілді ауқымды жобаның аяқталуы және Жобаны дамыту директорында мамандар санының азаюына байланысты шетелдік және жергілікті мамандар саны 200 адамға қысқарды. Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен алмастыру жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде шетелдік қызметкерлер саны да азайды. 2010 жылдың аяғында КПО құрылымының техникалық өкілетті мекемелермен байланыс тиімділігін жақсарту мақсатында Лондондағы жобаларды дамыту директорының кеңсесін Лондоннан Қазақстанға қайта көшіріп әкелу шешімі қабылданды.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

КПО жан-жақты оқыту және дамыту бағдарламасын ұсынады, оның мақсаттары мынадай:

- өз жұмыстарын тиімді атқару үшін қызметкерлер кәсіби біліктілік (білім, дағдылар) талаптарына сай екендігіне кепілдік беру;
- кәсіпорын ішінде жауапкершілігі жоғары, маңызды қызмет атқару үшін мамандарды дамыту, маңызды лауазымдарды тиісті дарынды әрі еңбек сүйгіш адамдармен толықтырып, бизнеске қолдау көрсету.

2010 жылы жергілікті мамандарға 210,861 сағаттан астам оқыту және жаттығу курстары өткізілді (орташа есеппен алғанда әрбір қызметкерге 63,3 сағат). Қаражат жағынан санағанда 2010 жылы оқыту және дамыту шараларына байланысты әрбір қызметкерге 4,226 АҚШ доллары жұмсалды.

Дәстүрлі дамыту әдістерін қолдану, бас компанияларда жұмыс істеуге жіберу және жаңа дағдылар мен

қызметкерлердің компанияның әр саласындағы ерекше қажеттіліктеріне дамыту жоспарын жасауға мүмкіндік береді, әрі нәтижелерді жақсартады. Бұл оқыту және дамыту жоспарының жүзеге асырылуын және берілген қаржының дұрыс пайдалануын қатаң бақылауға, сонымен қатар қызметкерлердің біліктілік пен тиімділіктерін жақсарғанын әділ бақылауға мүмкіндік береді. Компаниядағы кеңінен таралған оқыту әдісі – қызметкерлерді өз жұмысын атқаруға қажетті кәсіби біліктілікке үйрететін қысқа және ұзақ мерзімді оқу курстарын ұйымдастыру.

2010 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біліктілігі мен мәдениетін КПО және мердігер компаниялар қызметкерлері арасында дамытудың жаңа схемасын – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің кәсіпқойларына арналған Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және дамыту бағдарламасын (STEP) енгізді. Бұл бағдарлама алты ай мерзім ішінде Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы институты, КПО Кеніш ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі және Оқыту және дамыту бөлімінің ортақ жұмысы нәтижесінде дайындалды. 2010 жылы 120 КПО қызметкері мен КПО бас мердігерлерінің 167 өкілі осы бағдарлама бойынша оқып шықты. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің елдің Заң жүйесін халықаралық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарына сәйкестендіру стратегиясына сәйкес дамытылды. Оның үстіне, Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және дамыту бағдарламасы (STEP) КПО-ның жұмыс күшін қауіпсіздік және денсаулықты қорғауға оқыту және үздіксіз дамыту мақсатында OHSAS 18001 қауіпсіздік сертификатына қол жеткізгендігін ашық көрсетеді.

КПО-да тағы бір қолданылатын оқыту әдісі – қызметкерлерге халықаралық танымал бағдарламалары бойынша білім алуға мүмкіндік беру.

Келісімшарттар мен жабдықтау бөлімі қызметкерлері Сатып алу мен жабдықтау институтының (CIPS) сертификаттарын алды



КПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық тәжірибе мен технологияларды қолдануды енгізуге негізделген. Сондықтан, қызметкерлер тек жаңа технологиялармен жұмыс жасау үшін немесе жаңа жабдықтарды пайдалануға қажетті дағдыларды үйреніп қана қоймай, сонымен қатар өнеркәсіпте қажет болатын халықаралық деңгейде жетік білім алу керек. Өндіріске байланысты қажеттіліктерден басқа, бағдарламалар адамның жеке дамуына, ынталандыруға пайдалы, әрі қызметкердің КПО-да жұмыс істеуге қызығушылығын арттырады.

ТҮЛЕКТЕРДІ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

2010 жылы 4 маусымда өткен Шетел инвесторлар кеңесінің отырысы кезінде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жоғарғы және кәсіптік білім беруде халықаралық стандарттарды қолдануды тапсырды. Біз Қарашығанақта осы тарапта 2008 жылдан бері жұмыс атқарып келе жатқанымызды мақтан тұтамыз.

КПО түлектерді дамыту бағдарламасы компания ішінде жұмыс күшін жоспарлау қажеттіліктеріне сай дамытылып келеді. Бірнеше жылдар бойы КПО Қазақстан университеттері түлектерін жұмысқа тартудың, өздерін дамытудың және болашақта жақсы маман болуының түрлі жолдарын қарастырып жатыр.

Бұл бағдарламалар КПО техникалық бөлімдерінің жаңа қызметкерлерді алу қажеттілігін сан және сапа жағынан қанағаттандыру үшін мамандарды дайындауға және дамытуға арналған. Жұмыс орнында оқыту тәжірибесі, арнайы дайындалған теориялық және практикалық оқыту шаралары арқылы жас түлектер мұнай мен газ өнеркәсібі саласында жұмыс істеуге қажетті біліктілікпен қамтамасыз етіліп, компанияны жаңа табыстарға жетелеп, сонымен қатар тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алатын дарынды қазақстандық жұмыс күшін құрай алады.

КПО-да 2008 жылы бастау алған өндіру операторлары мен жөндеу және техникалық қызмет көрсету техниктерін кәсіби дамыту бағдарламасы Ұлыбритания мұнай мен газ академиясының заманауи оқыту бағдарламасына (OPITO) негізделген болатын. КПО ТМД бойынша бірінші болып дүние жүзіндегі танымал әрі сенімді OPITO оқыту бағдарламасын жүргізді. Оқыту бағдарламасын сәтті бітіріп шыққан және жақсы нәтижелерді көрсеткен студенттер КПО-ға жұмысқа кіруге мүмкіндік алса, ал КПО компания ретінде білікті операторлар мен техниктерді жұмысқа тартуға мүмкіндік алады. Әр жыл сайын біз осы қызметкерлер арасынан ұңғыма операцияларына мамандандыру үшін кішігірім топ таңдап аламыз.

2010 жылы КПО техник пен операторларды дайындауды жалғастырумен қатар, инженерлік мамандарға қатысты OPITO көзқарасын айқындады. Жыл барысында мынадай жетістіктерге қол жеткізілді:

- Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімдеріне дайындықтан өткен 65 студент OPITO кәсіби дамыту бағдарламасын аяқтап және осы бөлімдерге жұмыс тәжірибесіне орналасты;
- Инженерлік қызметке дайындалған 35 студент теориялық бағдарламаның бірінші деңгейін бітірді және КПО өндірісінің ерекше процестерін түсіну үшін жұмыс тәжірибесіне алынды. 2011 жылы олар халықаралық расталған инженер сертификаттарын алып, КПО қатарына қосылу үшін оқуға қайтарылады;
- 10 студент OPITO схемасының (BU) негізгі теориялық деңгейін бітірді және Эни корпоративтік университеті мен КПО көмегімен дайындалған бұрғылау супервайзерлеріне арналған теориялық курсына жазылып қойды.



КПО қызметкерлері ресми жиында Қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығу және дамыту бағдарламасы (STEP) сертификаттарымен марапатталды

КПО-НЫҢ СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2003 жылдан бастап КПО мұнай мен газ өнеркәсібіне байланысты оқуды таңдаған қазақстандық университеттерінің дарынды студенттерін қолдап келеді. Стипендия туралы мәлімет университеттерде таратылады, ал арнайы құрылған КПО-ның ішкі комитеті өтініштерді қарастырады. 2010 жылы 14 студент КПО-ның стипендиясын алды, әрқайсысына 3000 АҚШ доллары берілді. Бүгінгі таңда 128 студент КПО стипендиясының иегері болды.

Сонымен қатар, стипендиялар КПО-ның қызметкерлеріне және олардың балаларына жеке білімін дамыту үшін беріледі. 2010 жылы 16 қызметкер және қызметкерлердің 27 балалары жалпы сомасы 129,000 АҚШ долларын құраған КПО-ның стипендиясына ие болды. 2002 жылдан бастап, яғни бағдарлама басталғаннан бері 95 қызметкер және 206 балалар осындай стипендияға ие болған, ал стипендияның жалпы сомасы 821,000 АҚШ долларына жетті.

БІЛІКТІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

КПО өндіріс шараларының күрделілігі компания қызметкерлерінің біліктілік деңгейі белгіленген стандарттарға сәйкес келетініне кепілдік беру үшін сенімді біліктілікті басқаруды қажет етеді. 2008 жылдан бері КПО қызметкерлер дамуын ілгерілетудің қозғаушы күші ретінде біліктілікті басқару жүйесін дамытып келеді.

Компаниядағы барлық қызмет көрсетуші және техникалық емес қызметтерге қатысты модель мен дамыту қажеттілігін айқындау жүйесін дайындау аяқталды. 2010 жылы КПО бұл жүйені Өндірістік/Қызмет көрсету бөлімдерінде енгізуді көздеді, және 2011 жылы КПО Біліктілікті басқару жүйесін Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің техникалық қызметкерлеріне қатысты жүзеге асыруды бастайды.

Сенімді Біліктілікті басқару жүйесі КПО-ға, оның қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасына төменде келтірілген нақты және ұзақ мерзімді пайда әкеледі:

- Өз жұмыстарын қауіпсіз, тиімді және тұрақты түрде атқару үшін қызметкерлерге дағдылар, білім және тәжірибе беру;
- Қызметкерлер жұмысын және жұмысқа құштарлығын жақсарту;
- Компания ішінде қызметкерлер дамуына қолдау көрсететін саймандар енгізу;
- Апаттық жағдайлар жиілігі мен ауыртпалығын азайту;
- Өндірісті дамыту.

Арнайы КПО үшін 138 техникалық стандарттары дайындалды және осы стандарттарды қолдана білетін

халықаралық білікті мамандар дайындау мақсатында Ұлттық бағалау оқу курсы қалыптастырылуда. Келесі екі жыл ішінде 13 мыңнан астам бағалау жұмыстарын өткізу жоспарланып отыр.

КПО өз Біліктілікті басқару жүйесінің ОРІТО-мен расталуын күтуде, және егер бұл іс оңтайлы шешілсе, біз Орталық Азияда мұнай және газ барлауы мен өндірісіндегі компаниялардың ішінде осы жетістікке алғаш болып қол жеткіземіз.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО қызметкерлердің өзара қарым-қатынасқа түсіп, жұмыс жағдайларын ортақ талқыға салу құқықтарын құрметтейді. КПО-да жұмыс істейтін қызметкерлер КПО мен кәсіподақтар арасында бекітілген ұжымдық келісім негізінде өз ісін атқаратын екі кәсіподаққа мүше болып келеді. Ұжымдық келісім қызметкерлер мен кәсіподақтар талқыға салатын мәселелер аясын реттейді. Ұжымдық келісім КПО қызметкерлеріне бірқатар әлеуметтік артықшылықтар ұсынады және кәсіподаққа мүше болу-болмауына қарамастан, барлық КПО қызметкерлеріне қатысты болып келеді. Ұжымдық келісімнің шарттары жүйелі түрде үш жылда бір рет қарастырылып отырады.

Сонымен қатар КПО іс-әрекет қағидасында қамтылған анонимдік хабарлама саясатын іске асырады. КПО сәйкестілік саясаттарын қарастырудан кейін, компания қызметкерлер қарым-қатынасының осы бір түрін КПО-дан тәуелсіз етіп, сырттан үшінші тараптармен жүргізу жолдарын қарастыруда.

МӘДЕНИАРАЛЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл бағдарлама 2007 жылы Астана қаласында өткен «Мәдени әр түрлілік және мәдениаралық қарым-қатынас» атты конференциясына КПО-ның демеушілік көмек көрсетуінен басталған бастаманың жалғасы болып табылады. Бағдарламаның мақсаты әр түрлі ұлт өкілдерінің қатысуынан тек артықшылық алу, ал мәдени әр түрлілікті құндылыққа айналдыру.

III Кезеңнен тұратын мәдениаралық біліктілікті дамыту бағдарламасы КПО-ның қызметкерлері мен басшыларына көпұлтты ортада қызметін атқарып, өмір сүру қабілеттілігін дамытуға көмектеседі.

Бағдарламаны жүзеге асырудың I Кезеңі 2009 жылы аяқталды. 2010 жылы II Кезең бойынша компанияның 1,450-ге жуық қызметкері «КПО ішінде мәдениаралық қарым-қатынасты жақсарту» бағдарламасын оқып шықты. III Кезеңде КПО-да алынған тәжірибені үкімет мекемелерімен, соның ішінде Қазмұнайгаз ҰК бөлісу көзделіп отыр, яғни КПО мен серіктестер арасында тұрақты «виртуал» қарым-қатынас шеңберін құрып, Қазақстан Республикасының көпұлтты қоғамды құруға қосып жатқан үлестеріне көмектесу.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін бағалау өзінің жақсы жақтарын менеджерлерге де, қызметкерлерге де көрсетті. Менеджерлердің мәдениаралық/ұлттаралық біліктіліктегі (бұрын/кейін) өзгерістерді салыстырмалы сараптау және олардың мәдени айырмашылық туралы түсініктеріндегі өзгерістерді сапалы талдау КПО-ға бағдарламаның әрі қарай жүзеге асыруда тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Субханкулова Алия
Өндірістік еңбекті
қорғау мен қауіпсіздік
жөніндегі ұлттық
экзаменацялық кеңесінің
(NEBOSH) халықаралық
сертификатын алды



Экономикалық дамуға қосқан үлесіміз

Қарашығанақ кенішінің құндылығын арттыру Қазақстан үшін мұнай және газ өндірісінде ұдайы салық салу мен мол табысқа кенелуден гөрі ерекше мағынаға ие. Экономиканы дамыту үшін тұрақты қарым-қатынас орнату алдыңғы ретте қарастырылады.



*Компания қызметкерлері
Алматыда
ұйымдастырылған
Қазақстандық қатысымды
ұлғайту бойынша форумға
қатысуда*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАТЫСЫМ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ

КПО Қазақстан Республикасының жергілікті қатысымды дамыту турасында атқарған еңбегінің маңыздылығымен келіседі және реттеу негізін жүйелеуге қолданылатын стратегиялық жолдарды қолдайды.

КПО Шетел инвесторлар кеңесінің жергілікті қатысым тобына кіріп, тауарлар мен қызмет көрсетулерде жергілікті компаниялар қатысымын есептейтін жаңа «Бірегей методология» тұжырымдамасын талқыға салуда белсенділік танытып, жергілікті қатысымды дамыту ережесінің алғашқы нұсқасын дайындауға ат салысты.

Жергілікті қатысымды есептейтін «Бірегей методология» жер асты байлықты пайдаланушыларға қажет тауарлар, еңбек пен қызмет көрсетулердегі жергілікті компаниялар қатысымын ұлғайтуға әкелетін жол ретінде бекітілді. Жер асты байлықты пайдаланушыларға жергілікті қатысым туралы есеп беру жөнінде талап қою мақсатында сәйкес заңнамалар түзетілді.

КПО сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін мердігерлердің қазақстандық қатысым жөнінде білімін арттыру мен дұрыс есеп беруді үйрету мақсатында жаңа «Бірегей методология» жөнінде КПО-ға қызмет көрсететін және тауарлар жабдықтайтын мердігерлерге оқу семинарларын ұйымдастырды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Орнықты даму және тәжірибе алмасу арқылы жергілікті жабдықтаушылардың қатысымын ұлғайтуға мүмкіншіліктерін туғызу – КПО қызметінің маңызды бөлігін құрайды. КПО халықаралық стандарттар мен мұнай және газ өндірісі талаптарына сәйкес келу үшін жергілікті компаниялардың мүмкіншіліктерін және біліктілігін арттыру жұмысын жалғастыруда.

2010 жылы Қарашығанақ жобасындағы қазақстандық қатысым 17 пайызды (86 миллион АҚШ доллары) құрады.

КПО жергілікті бизнес өкілдерінің жауапты қызметкерлерінің қоршаған ортаны қорғау, сапа, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қаржы, жобаны басқару, техникалық стандарттар саласындағы халықаралық біліктілігін дамыту арқылы жабдықтаушы дамуын белсенді алға жетелейді. КПО жергілікті компаниялар дамуының игілігін көреді, себебі бұл, өз кезегінде, барлық жергілікті жабдықтаушыларға пайда әкелетін орнықты бизнес ортасының қалыптасуына алып келеді.

2009 жылы КПО Батыс Қазақстан облысында орналасқан 10 жергілікті компанияларда ISO 14000 және OHSAS 18000 стандарттарын интеграцияланған түрде енгізуге көмектесті.

КПО, сондай-ақ, қазақстандық жабдықтаушыларға ай сайын семинарлар ұйымдастыруын жалғастырды. Жабдықтаушыларға жергілікті бизнес қауымдастығымен қарым-қатынасты нығайту және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ турасында КПО стандарттары мен шарттарына сәйкес келу секілді қиындықтардан өтіп, қажетті тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуге көмектесу көзделді. Осы семинарлар арқасында КПО жан-жақты бизнестік қарым-қатынас орнату үшін маңызды болып келетін жергілікті жабдықтаушыларға өз қажеттіліктерінің дұрыс түсінілуіне қол жеткізді.

Мұнай және газ секторына қажетті тауарлар мен қызмет көрсетулердің қазақстандық нарығын дамыту, ішкі инвестицияларды жандандыру және халықаралық үздік технологиялар мен біліктілікті тарту мақсатымен Қазақстандық мұнай және газ компаниялар одағы мен Қазақстандағы ең ірі үш мұнай және газ операторлары

2001 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан Қарашығанақ жабдықтаушыларды дамыту бастамасы нәтижесінде 3000-нан астам қазақстандық жабдықтаушылар тіркелінді. 2010 жылы тауарлар, еңбек және қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуші 283 қазақстандық компаниялармен құны 527 миллион АҚШ долларын құрайтын келісімшарттар жасалынды.

– НКОК, ТШО және КПО компанияларының ұйымдастыруымен 2010 жылдың мамыр айында Атырау қаласында қалдықты басқару қызметтерін көрсетуші компаниялар форумы өткізілді.

Форум Қазақстан мұнай және газ саласындағы соңғы қалдық басқару технологиялары мен заманауи шешімдерді ойластыру және жергілікті қызмет көрсетушілерді қалыптастыру үшін ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының қалдықты басқару саласына шетелдік инвестиция тартуды және халықаралық үздік практиканы, білімді және тәжірибесін қазақстандық компаниялармен бөлісуді көздеді.

Бұл жиын Қазақстан Республикасы энергетика секторынан пайда болатын қалдықты басқару стратегиясын қайта қарастыруға түрткі болды. Қазақстан Республикасы қалдықты басқару заңнамалары мен талаптары және Қазақстан Республикасы қалдықты басқару жұмыстарының қоршаған ортаға әсері мәселелері ерекше талқыланды. Ұйымдастырушы компаниялар қалдықты басқару компанияларға келісімшарт жасасу, жабдықтау, алдын ала біліктілікті тексеру мен бағалауға қоятын талаптарын айқындап көрсетті.

Форумға Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау, Мұнай және газ және Индустрия мен жаңа технологиялар министрліктер, ҚазМұнайГаз, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімдігінің өкілдері, сонымен қатар қазақстандық және халықаралық қалдықты басқару сарапшылары қатарынан 250 адам қатысты.

КПО 2010 жылдың 31 Наурыз – 1 Сәуір аралығында Астанада өткен қазақстандық қатысымға байланысты Республикалық жиналысқа және қазақстандық тауарларды дайындау мен тарату тақырыбында «Қазақстандық қатысым 2010» көрмесіне қатысты. Осы жиналыс пен көрме барысында жергілікті қатысым турасында Электрондық мемлекеттік жабдықтау мен заңнама мәселелері жөнінде семинарлар өткізілді. Бұл шараға жергілікті тауар шығарушылары, ұлттық холдингтер, даму институттары, ұлттық компаниялар мен

кәсіпорындар, жер үсті пайдаланушылары және шетелдік компаниялар қатарынан 174 компаниялар қатысты.

КПО «Қазақстандық қатысым-2010» көрмесіне белсенді қатысқаны үшін Премьер-министр орынбасары мен Индустрия мен жаңа технологиялар министрі, А. Исекешов атынан Алғыс хат алды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ


Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру – КПО-ның экономикалық саланы көркейтуді, жергілікті жұмыскерлерге бос жұмыс орын мүмкіндіктерін ұлғайту және Қазақстан жұмыс күшін дамытудағы міндеттемелерін орындауда маңызды қалаушы тетік болып келеді. Біз Қазақстан Республикасымен қойылған мақсаттарға жеттік, және Қарашығанақтың келешек бағытын шешетін басқарушы қызметтерге қазақстандық мамандарды әкелетін келесі 10 жылдыққа арналған жаңа асулар қойдық.

2010 жылы КПО-да қосымша 20 жоғары дәрежелі қызмет орындары қазақстандық қызметкерлермен ауыстырылды. 2010 жыл соңында жергілікті қызметкерлер әкімшілік көмек қызметінің түгелдейін дерлік және техникалық басқару қызметінің 91%-ын орнын басты. Жоғары басшылық қызметте жергілікті қызметкерлердің 62%-ы орналасты..

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру жоспарында белгіленген жаңа мақсаттар:

Категория	Сипаттама	2010	2018 жоспар
1	Басқарма	62%	70%
2	Кәсіби қызметкерлер және супервайзерлер	91%	95%
3	Техникалық қызметкерлер	100%	100%
4	Әкімшілік көмек көрсету қызметкерлері	100%	100%

КПО-ның шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру стратегиясы компания басшылығының басты стратегиясымен тығыз байланысты. Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру үрдісінде қойылған мақсатқа



жетумен қоса, басқару саласында ұйымдастырушылық қабілеттілігін жақсартуға бағытталған стратегия тек қана білімді жоғарылату не техникалық дағдыларды дамытумен шектеліп қана қоймай, әр жеке маманның тәжірибесі мен жалпы басқару қабілеттілігін де ескереді. Қазақстандық мамандарды дамыту маңыздылығын ескере отыра, КПО ең дарынды қазақстандық қызметкерлерді кәсіпорын жұмысындағы жауапты басқару қызметтеріне көшіру тәсілін қалыптастырды.

Еңбек ресурстары бөлімінің шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру үрдісіндегі стратегиялық ыңғайы жай ғана жұмыс орнын ауыстыруға емес, қазақстандық мамандарды оқыту мен дамытуды тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға негізделген. Бұл, өз кезегінде, КПО өндірісінің жоғары деңгейде және халықаралық стандарттарға сай жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, КПО жоғары басшылығымен талап етілген мақсаттарды жоғары мүмкін сапалы деңгейде орындауға мүмкіндік береді. КПО компания басқармасын шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстырудың 1-ші Категориясына назарын аударып, келесі 10 жылдық жоспарда 70 пайыздық көрсеткішке жету жоспарын орындау үшін қазақстандық қызметкерлерді

өндірістік дамуды жандандыратын маңызды әлеуметтік жоба болып келеді.

Құбыр құрылысы мәселесі Қарашығанақ серіктестері, Қазақстан Республикасы және Батыс Қазақстан облысы арасында шешіліп, кейіннен ҚР Президенті, Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен жиында Мақсат меморандумына қол қойылды.

Қарашығанақ-Орал газ құбыры жобасы, ең алдымен, осы уақытқа дейін газбен қамтамасыз ету жүйесі болмаған аймақтарды қамту мақсатында үш құрылыс кезеңіне бөлінді. Құрылыс жұмыстарын жергілікті компания жүргізді.

Орал қаласынан Новопавловкаға баратын, жаңа Ақсай газ үлестіру жүйесін қамтитын және Батыс Қазақстан облысындағы Теректі ауылдық аймақты газбен қамтамасыз ететін құбыр құрылысының бірінші кезеңі 2009 жылдың қараша айында аяқталды.

2010 жылдың маусым айында Жымпиты ауданына газ бағыттайтын ұзындығы 116 км, ал диаметрі 10 дюйм болатын газ құбыры, Жымпиты ауылында Ақсай газ үлестіру жүйесі және Батыс Қазақстан облысындағы Сырым, Қаратөбе ауылдық аймақтарын газбен

Орал қаласында
54МВт газтурбиналық
электр станциясының
ашылуы



кеңінен дамытуға бағытталған бағдарлама енгізді. Бұл бағдарламаның мақсаты – КПО-ның жоғары потенциалды қызметкерлерін айқындап, белгіленген уақыт мерзімінде бар потенциалын ашып және даму үдерісіне есеп беру.

АУДАН ДАМУЫНА ЖЕТКІЛКІ ҚУАТ КӨЗІН ӨНДІРУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ

Батыс Қазақстан облысының бес ауылдық аймағының жүз мыңдаған халқын қоршаған ортаға зиянды әсері жоқ отынмен қамтамасыз ететін Қарашығанақ-Орал газ құбыры жобасы аяқталуға жақын.

Қарашығанақ серіктестіктері мен Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынастың нақты нәтижесі ретінде, және облыстың ері қарай дамуына күшті серпін болатын бұл жетістіктің экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызы зор. Қарашығанақ-Орал газ құбыры жобасы Қазақстан ішкі газ нарығын көтермелейтін және Батыс Қазақстан облысындағы елді мекендерге қажетті энергия көзін тасымалдау арқылы

қамтамасыз ететін құбыр құрылысының екінші кезеңі аяқталды.

Жаңа Ақсай газ үлестіру станциясы және Ақсай мен Орал қалаларына, және Батыс Қазақстан облысындағы Бөрлі мен Зеленовский ауылдық аймақтардың халық тығыз орналасқан аймақтарына газ тасымалдайтын газ құбыры құрылысының үшінші кезеңі бітуге таяу.

Жоба толықтайымен 2011 жылдың ортасына қарай аяқталады деп күтілуде. Үш құбыр бөлігінің біріктірілген іске қосу мерзімінің аяқталуы және соңғы иесіне табысталуы 2011 жыл ортасына қарай бітуі тиіс.

Қарашығанақ-Орал газ құбыры құрылыс жобасына жұмсалған қаржы көлемі шамамен 300 миллион АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар Қарашығанақта өндірілетін газдың және КПО электр қуатының біршама көлемі жергілікті нарыққа жіберіледі, яғни ауданды қауіпсіз қуат көзімен қамтамасыз етеді. Тазартылған газ жергілікті тұтынысқа, яғни Ақсай қаласын және жақын орналасқан ауылдарды

КПО әлеуметтік дамыту саласындағы жетістіктері үшін алтын Парыз сыйлығына ие болды



қамтамасыз ету үшін газ үлестіру компаниясына жіберіледі. Газ, сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысына үлестіруге және электр қуатын өндіруге де жіберіледі. Электр қуатын өндіруге жіберілетін газ мөлшері ӨБТК-де белгіленген болса да, КПО өз қалауы бойынша жергілікті сұранысты қанағаттандыру үшін газ жеткізілімін ұлғайтуға келісті. Қамтамасыз етілген тазартылған газдың барлық мөлшері 2010 жылы 134, 020 миллион текше метрге жетті.

Электр қуатына келетін болсақ, 2010 жылы КПО электр станциясында өндірілген шамамен 390 миллион кВт/сағ электр қуаты мемлекеттік ұлттық энергетикалық жүйесіне жіберілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ КӨРКЕЙТУ

ӨБТК-нің 5 Қосымшасына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің әлеуметтік дамудағы басты

Әлеуметтік жобалар (Орал)

Құрылыс жұмыстары	Сипаттама	2010 бөлінген бюджет (Миллион \$)
Орал қаласында 54 МВт газтурбиналық станциясынан электр қуат жүйелерін тарту <i>Аяқталды</i>	Бұл жоба Облыстық өнеркәсіп даму бағдарламасының аясында жүзеге асырылды. Электр жүйелері Орал қаласының тұрғын үй аймақтарын электр қуатымен қамтамасыз етеді және электр жүйесінің тоқталымдарын болдырмайды. Жоба Ресей федерациясынан электр қуатын тасымалдау шығындарының азаюына алып келеді.	15,1
Орал қаласында 54 МВт газтурбиналық станциясынан жылу жүйелерін тарту <i>Жалғасуда</i>	Бұл жоба Облыстық өнеркәсіп даму бағдарламасының аясында жүзеге асырылмақ. Жылу жүйелері Орал қаласының тұрғын үй аймақтарын жылумен қамтамасыз етеді және жылу жүйесінің тоқталымдарын болдырмайды. Жоба ескі/қолданыстағы жылу жүйелерінің қысқы уақытта қауіпсіз жұмысына кепілдік болу үшін ескі жылу жүйелерін алмастыруды қамтиды.	13,3
Орал қаласында Салтанатты сарай құрылысы <i>Жалғасуда</i>	Түрлі салтанатты кештерді өткізу мүмкіндігін жақсарту үшін қазіргі заманға лайық архитектура үлгілеріне, санитарлық және құрылыс талаптарына сай кешен құрылысын бастау. Салтанатты сарай Орал қаласының символдарының бірі болмақ.	4,8
Барлығы		33,2



*Ақсайда
салынған
жаңа
мектепті
БҚО өкілетті
органдарына
көрсету*

бағыттарына сүйене отырып, айқындалған әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жобаларына жыл сайын 10 миллион АҚШ долларын бөледі. Бұл жобалар, негізінен, аудан орталығы Орал қаласында жүзеге асырылады және мектеп, балабақша, аурухана және спорт пен мәдени кешендерін салуға бағытталған.

2009 жылы ҚР Үкіметі, КПО және Басқару бойынша бірлескен (ББК) комитет әлеуметтік және инфрақұрылымды дамыту жобаларына бөлінетін қаржы көлемін 10 миллион АҚШ долларынан 20 миллион АҚШ долларына екі есе қылып өсірді.

КПО БҚО әкімдігі дайындайтын жобалар тізімін алады да, кейін Қазақстан Республикасына тапсырылатын объектерді жобалау, келісім-шартқа отыру, жобаны басқару және жұмыстарды жүргізу барысын бақылайды. Барлық әлеуметтік жобалар қазақстандық компаниялармен жүзеге асырылады.

2010 жылы КПО 2009 жылғы қаржы есебінен жүзеге асырылған Орал қаласындағы балабақша құрылысын бітірді. Бұл жоба Орал қаласының жаңа шағын ауданындағы балабақшаға деген сұранысты қанағаттандырады. Балабақша 280 баланы қабылдай алады (12 топ) және қолданысқа толық жабдықталған күйінде берілді. КПО, сонымен қатар, Оралда салынған 54МВт газтурбиналық станциясынан электр жүйелерін тарту жұмыстарын аяқтап, жылу жүйелерін тартуға

кірісті. Және Орал қаласында жаңа Салтанатты сарай құрылысы үлгісі дамытылуда.

Төменде келтірілген кестеде жұмсалынатын қаржыны бекітетін ББК қарарындағы ақпарат көрсетілген.

2008 және 2009 жылдары, ҚР үкіметі және КПО Басқару бойынша бірлескен комитеті Ақсай қаласын көркейту жобаларына әр жылы 10 миллион АҚШ долларын бөлді. Ақсай қаласында КПО қызметінің өкімшілік жұмыстары жүзеге асырылады (Қарашығанақ кенішінен шамамен 30 км қашықтықта).

2008 жылға бөлінген қаржы есебінен, және аудан билік өкілдерімен айқындалған жобаларға сәйкес, 2009 жылы КПО қала тас жолдарын және балабақшаны жөндеуден өткізді, сонымен қатар жергілікті аурухананы медициналық жабдықпен қамтамасыз етті. Оған қоса, КПО Ақсайдағы 10 шағын ауданында 900 балаға арналған орта мектеп құрылысын бітірді. Мектеп жаңа 2010-2011 оқу жылы қарсаңында 2010 жылдың қыркүйек айында қолданысқа берілді.

Үкімет қарарлары тым кеш ұсынылғаннан, 2009 жылға бөлінген қаржы жүзеге асырылмады. Осы қаржы есебінен КПО 2010 жылы Ақсай қаласын ауызсудың қосымша көзімен қамтамасыз ету және жылыту жүйесін жақсарту секілді маңызды жобаларды бастады. Екі тас жолдарды жөндеуден өткізу жобалары аяқталып, қалған біреуі әлі жалғасуда.

Ақсай қаласындағы арнаулы жобалар

Құрылыс жұмыстары	Сипаттама	2010 бөлінген бюджет (Миллион \$)
Ақсай қаласының 10-шы шағын ауданында 900 оқушыға арналған мектеп салу <i>Аяқталды</i>	Бұл мектеп 10-шы шағын ауданда және Чех қалашығына жақын орналасқан ауданда тұратын 900 балаға арналған. Мектеп 36 оқу бөлмесі, 2 жаттығу залы, жиналыс бөлмесі, асхана және шаруашылық бөліктен тұратын болады. 2009 жылы бөлінген қаржы 8 миллион АҚШ долларын құрады.	0,21
Ақбұлақ-Ақсай су құбыры құрылысы <i>Жалғасуда</i>	Ақсай қаласындағы тұрғын үйлерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 42км су құбыры салынады. Жоба аясында әрқайсысы 500 м3 екі су сыйымдылығын, ультракүлгін қондырғысын және сорпап станцияларын орнату жоспарланып отыр.	5,26
Ақсай орталық қазандық ғимаратын толық жөндеуден өткізу <i>Жалғасуда</i>	Бұл жоба Ақсай шағын аудандарын жылумен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған. Жоба жаңа су қазанын сатып алу мен орнату және қазандық ғимаратының ішін жөндеуден өткізуді қамтиды.	1,05
Ақсай 10-шы шағын аудан қазандық ғимаратында құрылыс жұмыстарын жүргізу <i>Жалғасуда</i>	Бұл жоба Ақсай 10-шы шағын ауданын жылумен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған. Жоба екі су қазанын алмастыру және жаңа қазандық ғимаратын салуды қамтиды.	1,07
Ақсай коммуналды базарының алдындағы жол бетін және машина қою аймағын салу мен жөндеуден өткізу <i>Аяқталды</i>	Бұл жоба Ақсай коммуналды базарының алдындағы жол бетін және машина қою аймағын салу мен жөндеуді қамтиды. Жұмыс көлеміне үстіңгі қабатты алмастыру, шарбақ орнату, жолдың жаяу адамдарға арналған бөлігін жақсарту мен жолжиек орнату жұмыстары кірді.	0,16
Ақсай қаласының Юбилейная көшесіндегі тас жол бетін салу және жөндеуден өткізу <i>Аяқталды</i>	Жоба есебінен Юбилейная көшесіндегі тас жолды және жаяу адам жүретін бөлігін жақсарту көзделді. Жұмыс көлеміне жол шетін үлкейту, үстіңгі қабатты алмастыру, жолжиек орнату, жол жағасын салу және жол белгілерін орнату кірді.	0,83
Ақсай қаласының Советская көшесін жөндеуден өткізу <i>Жалғасуда</i>	Жоба есебінен Советская көшесіндегі тас жолды және жаяу адам жүретін бөлігін жақсарту көзделді. Жұмыс көлеміне жол шетін үлкейту, үстіңгі қабатты алмастыру, жолжиек орнату, жол жағасын салу, жол белгілерін және электр бағандарын орнату кірді.	1,3

Барлығы

10

Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас

КПО өндірістік аймақтарға іргелес орналасқан жергілікті тұрғындармен жақсы көрші болуды және даму жоспарларын іске асыру үшін жергілікті билік өкілдеріне қолдау көрсетуді мақсат етеді. Сондықтан да біз өз қызметіміздің нәтижесінде пайда болатын жағымсыз әсерлерді азайту, мүдделі топтармен нәтижелі қарым-қатынас орнату, қоғам дамуына мүмкіншіліктер туғызу турасында жұмыс атқарудамыз.



Жарсуат ауылында Ауыл кеңесінің жиналысы

өкілдері, мемлекеттік емес ұйымдар және басқа да басты қатысушылармен арнаулы жиналыстар өткізу сияқты түрлі әдістер қолданылады.

Оған қоса Ауыл кеңесі ауылдардағы әлеуметтік саланы қаржыландыруда КПО-ға маңызды істерді айқындап береді (келесі бөлімді қараңыз). Бұл сұхбат қандай да бір мәселе туындай бастаған кезде, КПО-ның тез іс-әрекет қолдануына, сондай-ақ КПО және көршілес ауылдар игілігі үшін мүмкіншіліктер туғызуына көмектеседі.

2010 жылы Ауыл кеңесі жалпы алғанда 21 рет өткізілді. Кездесулер барысында Ауыл кеңесі өкілдері мен КПО қоғаммен қарым-қатынас бөлім қызметкерлері жалпы сұрақтардан өзге, КПО көмегімен жүзеге асырылмақ әлеуметтік, білім беру, инфрақұрылым бағдарламалары жөнінде сөз қозғады.

Сонымен қатар 2010 жылы Қарашығанақ-Орал газ құбыры құрылысы мен өндірістік қатты қалдықтарды көму жер құрылысы жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалауды қарастыру үшін екі ашық мәжіліс өткізілді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОЛ

Бұл саладағы КПО қызметі 2008 жылы ұсынылған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру саясаты, мен стандарттары, және технологиялық нұсқаулардың аясында, сонымен қатар Халықаралық қаржы корпорациясының іс жүргізу стандарттарына сүйене атқарылады. Әлеуметтік дамыту турасындағы жұмысымыз барлық қоғам топтарына бағытталғанмен, КПО қызметі тікелей әсер ететін аймақтарға ерекше

Қарашығанақ кенішінің айналасындағы сегіз ауыл кіретін төрт ауыл аймағында Ауыл кеңесі құрылды. Бұл кеңес ұйымдары 2005 жылғы өзара түсіністік меморандумының негізінде құрылды. Мазалайтын мәселелерді талқыға салу және КПО-ның ағымдағы және жоспарланған жұмыстары жөнінде хабардар болу үшін жергілікті сенімді ауыл тұрғындары, жергілікті билік өкілдері және КПО сарапшы мамандары жиі кездесіп тұрады.

көңіл бөлінеді. 2010 жылдың маусым айында КПО өз бизнес мақсаттарын қауымдастықтар мен Үкімет мақсаттарымен ұштастыра отыра, сәйкес өндірістік және жоба қауіп-қатерлерін басқару мақсаты қойылған 2010-2011 әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын дайындады. Осындай шараларды жүзеге асырумен КПО жақын орналасқан жергілікті тұрғындар мен Қазақстан Республикасының орнықты дамуының әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне үлес қосуды көздеп отыр.

ЗЕРДЕЛІ СҰХБАТ ОРНАТУ

КПО-ның әлеуметтік дамыту саласындағы шараларының негізі жергілікті тұрғындармен сұхбат жүргізу. Ресми кеңес беру ұйымдарын (Ауыл кеңесі) құру, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру, сонымен қатар жергілікті билік

Шағымдарды реттеу

КПО-ның шағымдарды қанағаттандыратын ресми саясаты бар. Көршілес ауылдардың әрбір тұрғыны КПО Қоғаммен байланысу маманына ауызша не арнаулы

парақты толтырып, ауылдарда орнатылған жәшіктерге салу арқылы шағымдануға құқылы. Компания шағымды тергеп, шешу жолын ұсынады. 2010 жылы осы жүйе арқылы ешқандай шағым түскен жоқ. Бұл халықтың ресми емес шағымдануды жөн көретіндігінен, яғни ауылдарға жиі барып тұратын КПО

Қоғаммен байланысу маманына тура айтуынан және 2010 ауылдарға әсер еткен өндірістік операциялардың аздығынан болуы керек.

Дегенмен, сәйкестілік механизмі тиімділігін сақтау үшін 2010 жылы КПО шағымдану және арыз беру процедурасын қайта қарастырды және ұсынылған өзгерістерді Ауыл кеңестерінде талқыға салды. Ауыл тұрғындарына шағым беру үрдісі мен шағымдарды реттеу процесі көрсетілген кітапшалар басып шығарылды. 2010 жылдың желтоқсан айында өзгертілген шағымдану және арыз беру процедурасын көпшілік назарына ұсыну мен басып шығарылған кітапшаларды тарату үшін бес ауыл аймағының тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырылды.

ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРҒА ТИЕТІН КЕРІ ӨСЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Қарашығанақ кенішінің айналасында өндірістік зауыт пен тұрғындар арасындағы нейтралды аймақ және өндірістік операциялардың болуы мүмкін зиянды әсерлерінен елді мекендерді қорғау ретінде қызмет ететін санитарлық қорғау аймағы бар. Денсаулықты қорғау министрлігімен Қарашығанақ кенішіне белгіленген СҚА шекарасы қазіргі таңда 5 км. Сәйкес заңнаманың өзгеруіне және Қоршаған ортаны қорғау өкілетті мекемелерінің сұрауына байланысты СҚА-ның шекарасы жобасын жаңарту 2011 жылы басталмақ.

КПО-да заңнамада белгіленген қоршаған ортаны қорғау параметрлеріне сәйкестік Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бағдарлама қоршаған ортаға және жергілікті тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін келеңсіз жағдайлардың уақтылы анықталуына көмектеседі.

Атап айтқанда, **ауа сапасын бақылау** жүргізіледі:

- Қарашығанақ кенішінде шығарындылар тасталу кезінде, барлық КПО өндіріс нысандарында тұрақты газ детекторлар орнатылған. Ластаушы заттар концентрациясы максималды рұқсат етілген шекті рауалдан асып кеткен жағдайда, апаттық дабыл соғылады;
- Қарашығанақ кеніш территориясында санитарлық қорғау аймағы шекарасында 12 жылжымайтын қоршаған ортаны бақылау станциялары үздіксіз жұмыс істейді және автоматикалық қоршаған ортаны бақылау жүйесіне жалғанған. Атап көрсетілген 12 станцияның 8-і СҚА-ның 3000 м қашықтықта және қалған 4-і кеніш территориясындағы өндірістік аймақта орнатылған. Автоматикалық қоршаған ортаны бақылау жүйесі Қарашығанақ кеніші аймағында хабарлау жүйесі және ауа сапасы ақпаратын жинау жүйесі ретінде біріккен қызмет көрсетеді. Бұл станциялар басты ластаушы заттар болып келетін күкіртсутегі (H_2S), күкірт диоксиді (SO_2), азот диоксиді (NO_2), және көміртегі тотығының (CO) ауа құрамындағы шоғырлануын бақылайтын аса сезімтал газ анализаторлармен жабдықталған. Қазіргі таңда, КПО үшін белгіленген СҚА-ның 5000 м шекарасында күнделікті ауа сынамаларын Гидромет жеке мемлекеттік компаниясы алады.
- Кеніш айналасындағы тоғыз ауылда күкірт диоксиді (SO_2), азот диоксиді (NO_2), көміртегі тотығы (CO) және күкіртсутегі (H_2S) секілді ластаушы заттардың ауадағы құрамын бақылау үшін ауа сынамасын алатын құрылғылар орнатылған. Күнделікті орташа концентрацияны анықтау мақсатында ауа сынамалары күніне жергілікті уақыт сағат 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00-де төрт рет алынады. Ауадағы бензол (C_6H_6), ксилол (C_8H_{10}), толуол (C_7H_8) секілді ароматты көмірсутектердің құрамы 10 күн сайын тексеріледі. Березовка ауылында қосымша метилмеркаптан құрамы (CH_4S) бақыланды. Ауа сапасын бақылау үшін Гидромет сынақ лабораториясы жұмысқа тартылды. Ай сайын ауа сапасының сынақ есептері жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, ақпарат тақтасына іліну үшін ауылдарға таратылады;

Жылжымайтын қоршаған ортаны қорғау станциясы



- Сынама алу мамандары ауыл тұрғындары болып келетіндіктен, ауыл тұрғындары газ иісі бар деп хабарлаған жағдайда, кезектен тыс ауа сынамасы тәуліктің кез келген уақытында алынады.
- 2 Жылжымалы қоршаған ортаны бақылау станциялары да газ иісі жөнінде хабар алған жағдайда ауа сапасын тексеру үшін ауылдарға тез арада жөнелтілуге дайын. Оған қоса, бұл станциялар көмегімен газ жандыру және ұңғыма қышқылдық жұмыстары кезінде кеніш айналасындағы ауылдарға жақын жерде жел бағытын ескере отырып, ауа сапасын бақылау жүзеге асырылады. Ауа сапасын бақылауды жақсарту мақсатында КПО қазір сертификациядан өтіп жатқан екінші жылжымалы лаборатория машинасын сатып алды.

Осы ауқымды бақылау жүйесі арқасында КПО болуы мүмкін ластаушы заттардың максималды рұқсат етілген шекті рауалынан асып кеткен жағдайларды жылдам тауып, тез әрекет етуді қамтамасыз ететін соңғы ақпаратқа қолы жетеді. 2010 жылы кеніш айналасында орын тепкен ауылдарда және СҚА шекарасында бақылауға алынған ластаушы заттар бойынша рұқсат етілген шекті рауалдан асқан жағдайлар тіркелмеді. Оған қоса, КПО өкілетті мекемелерге бақылау ақпаратына онлайн рұқсатты беру талабын жүзеге асыруда Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен тығыз жұмыс атқаруда.

2010 жылдың маусым айында Астана экономикалық сотында қарастырылған Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарсы азаматтық істе Березовка ауылындағы ауа сапасы заңмен бекітілген параметрлерге сәйкес келетіндігі анықталды. Бұл іс Қарашығанақ кеніші айналасындағы санитарлық қорғау аймағы шекарасының

белгіленуі және Березовка ауыл тұрғындарының басқа жерге көшірілу құқығын даулау себебімен қозғалды.

Ауыл аймағындағы ауа сапасын тексеру арқылы Сот санитарлық қорғау аймағы 5 км шекарасында тұрып жатқан бірнеше үйлерден басқа бүкіл ауылды көшіруге еш негіз жоқ деп шешті. Сондықтан сот жергілікті атқарушы мекемелерге СҚА-ның дәл 5 км шегінде орын тепкен үйлерді көшірумен айналысуды тапсырды.

Осы іс аясында қозғалған мәселелерді шешу үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігі төрағалық еткен үкіметтік жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы атқарылған шараларға қоса, КПО-дан аталмыш ауылға жақын жерде екі қоршаған ортаны бақылау станцияларын орнату арқылы бақылау аймағын ұлғайтуды сұрады. КПО сұранысты қабылдап, станцияларды орналастыру жұмыстарын бастады.

Сонымен қатар, КПО Қоршаған ортаны қорғау өкілетті мекемелерімен келісім бойынша аталмыш ауылдың қоршаған орта жағдайларын үш жыл бойы тексеру міндеттемесін алды. КПО Ауыл кеңестерінің бастамасы негізінде соңғы үш жылда кеніш айналасындағы ауылдардың, оның ішінде Березовка ауылының өсімдік, топырақ, жер үсті сулары және үй жануарларының сараптамаларын да өткізіп отырды. Мемлекеттік лицензиясы бар зерттеу институтымен жүргізілген осы тексерулер нәтижесінде кеніш айналасында орын тепкен ауылдардың жағдайы КПО өндірісінен алшақ аймақтарда орналасқан сынамалы ауылдар жағдайынан еш айырмашылығы жоқ екендігі анықталды.

Ауыл тұрғындары дайындығы

КПО төтенше жағдайларды тиімді басқару және тез әрекет ету мақсатында жергілікті қауымдастықтармен және сәйкес өкілетті мекемелермен қарым-қатынасын жалғастыруда. Ерекше байланыс және қоғамдық хабарлау жүйелері 6 мыңнан астам тұрғыны бар 11 ауылда орнатылды. КПО жүйелерді 24 сағат бойы бақылап отырады. Оған қоса, барлық жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әрбір ауылда хабарлау кестесіне және эвакуациялау жоспарларына сәйкес апатқа қарсы әрекет ету жаттығулары ұдайы өткізіліп отырады.

Бірлескен апаттық жаттығу Қарашығанақ кенішіне жақын орналасқан ауылдарының лауазымды өкілдері қатысуымен жылына бір рет өткізіледі. 2010 жылы жергілікті үкімет билігінің ұсынысы бойынша бірлескен ауқымды жаттығу кен орнына жақын орналасқан Жарсуат ауылында өткізілді. Бұл жаттығуға барлық ауылдар өкілдері, Жарсуат ауылының тұрғындары, Бөрлі ауданының және Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері және Ресей Федерациясы төтенше жағдайлар өкілетті мекемесі (Оренбург қаласы) қатысты.

*Қарашығанақ ауылындағы
жөндеуден өткізілген
бастауыш мектеп*

КПО-ның Апаттық Байланыс Орталығы мұндай оқыту жаттығуын төтенше жағдайды анықтау және жою үшін бірнеше апаттық топ пен экологиялық бақылау қызметкерлерін қатыстыра отырып, арнаулы ортада өткізеді. Ауылдағы дабыл жүйесі іске қосылысымен, ауыл өкіміне хабар жеткізілді және жергілікті тұрғындар әрекет ету жоспарында белгіленген тәртіпке сәйкес апатқа қарсы әрекет етті. КПО-ның апатқа қарсы әрекет ету топтары апаттық жаттығу аяқталғанша жергілікті төтенше жағдайларды басқару тобына көмек көрсетті. Аудандық және облыстық үкімет билігінің өкілдері жаттығу нәтижесіне және оның жалпы сәтті орындалуына оң баға берді.

Жыл бойы ауыл билік өкілдері мен тұрғындардың апаттық жағдай туралы білімін жетілдіру және әрекет ету қабілеттілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Қарашығанақ кеніші айналасында және эскпорттық құбырлар бойында орын тепкен ауыл тұрғындарымен (шамамен құбыр бойындағы 45 ауылдың 1800 тұрғыны) кездесулер және оқу сессиялары өткізіліп тұрды.

Жергілікті Төтенше жағдайлар департаментімен жақсы байланыс орнатылған және 2011 жылы КПО аталмыш ауылдардың эвакуация жоспарларын дайындауға өз септігін тигізді.

КПО тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын одан әрі жүргізеді және соңғы технологиялар мен жоғары стандарттарды енгізу мақсатында экологиялық бақылау, апаттық хабарлау және байланыс жүйелеріне жақсартулар енгізуді жалғастырады.

ДАМУДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

Өмір жағдайын жақсарту Қарашығанақ айналасында орналасқан елді мекендер үшін басты мәселе және КПО жергілікті билік өкілдеріне осы мақсаттарды орындауға көмектесуде.

Ауыл кеңесі жобалары

Ауыл кеңесі аясында ауыл тұрғындарымен ұсынылған жобалар басты әлеуметтік инфрақұрылымды және олардың қоғамдық өмірін жақсарту мақсатында КПО компаниясымен жүзеге асырылады.



*КПО жоғары басшыларының
Ауыл кеңесі өкілдерімен кездесуі*

Содан соң, КПО келіп түскен ұсыныстарды ауыл қажеттіліктеріне, жалпы маңыздылық, техникалық талаптар, және қаржы тұрғысында қарастырады. Қазіргі таңда кеніш айналасындағы сегіз ауылда бірқатар Ауыл кеңесі жобалары жүзеге асырылды. Жылдар өте КПО-ның қатысымы барлық ауылдарда бірдей деңгейде сақталып келеді.

Сонымен қатар, КПО жыл сайын ауыл балаларына жазғы лагерь демалысын және пенсионерлер мен мұғалімдерге курорттық демалысты қаржыландырады. Халықтың қоғамдық және мәдени өміріне және соны жақсартатын бастамаларға көп көңіл бөлінеді.



Ауылдарды дамыту жобалары

Ауылдарды дамыту жұмыстары көршілес ауылдарға аса құрметпен және олардың ұзақ мерзімде дамуына үлес қосу үшін КПО-ның әлеуметтік міндеттемелерін орындау мақсатында жүргізіліп келеді.

2010 жылы КПО Жылжымалы өнер мектебі бастамасын әрі қарай жалғастырды. Бұл жоба арқылы Қарашығанақ кеніші айналасында орналасқан ауылдардағы және Ақсай қаласындағы мектеп оқушыларына эстетикалық оқу және қолөнер кәсібіне үйрену мүмкіндігі беріледі. Мұғалімдер бірлестігі кешқұрым уақытта осы сабақтарды мектептерде жүйелі түрде өткізеді.

2010 жылғы Ауыл кеңесі жобалары

Қаржыландырылған ауылдар	Жобалар	Мың АҚШ доллары
Барлық ауылдар	180 егде кісілерге және мұғалімдерге жазғы санаторийлық емделу	83,500
	140 балаларға жазғы лагерь	35,100
Березовка	Березовка ауруханасын жөндеуден өткізу	27,300
	Мәдениет үйіне музыкалық инструменттер сатып алу	800
Успенровка, Қаракемер және Жаңаталап ауылдары кіретін Успенровка ауыл аймағы	Техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту жобасы	48,700
	Ауылдағы техникалық су айдау станциясына су насостарын орнату үшін қосымша бөлшектер сатып алу	1,600
Жарсуат, Димитрово және Қарашығанақ ауылдары кіретін Жарсуат ауыл аймағы	Жарсуат ауылындағы ІІ Дүниежүзілік соғыс ескерткішін, Мәдениет үйін және мектепті қоршау жұмыстары	54,000
	Қарашығанақ ауыл мектебін жөндеу	135,300
6 ауылдық мектеп (Березовка, Успенровка, Жаңаталап, Приуральное, Қызылтал және Бөрлі мектептері)	Білім күніне арналған салтанатты жиында автобустарды сыйлау	143,700
Жалпы		530,000



Берлі аудандық ауру-ханасына табысталған медициналық жабдық

Бұдан басқа, 2010 жылы екі жаңа жоба жүзеге асты.

Ағылшын тілін үйрету жобасы Кенішке жақын орналасқан Берлі ауданының төрт ауыл аймақтары (шамамен 250 оқушы) мен Ақсай қаласы мектеп оқушыларына ағылшын тілінен қосымша сабақ беру мақсатында 2010-2011 оқу жылында іске қосылды. Түпкілікті мақсат – ағылшын тілін мектептен кейінгі оқуда немесе жақсы жұмыс орнына тұруға септігін тигізетін құрал ретінде үйрету.

Ауылдық аймақтардағы білікті мамандарды қалыптастыру мақсатында Аудандық білім департаментімен бірге ауылдық оқу гранты сынама жобасы іске қосылды. Бұл жоба арқылы ауыл балаларының болашақта өз ауылына бірнеше жылдар бойы қызмет етуге оралу шартымен арнаулы білім алу талпынысы қаржыландырылады. КПО жылына шамамен

15 грант беруді жоспарлап отыр. 2010 жылы бастапқы сынама кезеңіне 4 студент қатысты.

Жетекші халықаралық агенттігімен бірге жаңа стратегиялық бағдарлама дайындалды. Бұл бағдарлама Қарашығанақ кеніші айналасында орналасқан ауылдық аймақтардың өркендеуін қолдауға бағытталған. Қазіргі уақытта осы бағдарламаны бітіріп, іске қосу жөнінде Қазақстан Республикасы және Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер арасында келіссөздер жүргізілуде.

КПО 2010 жылы Ауыл кеңесі және жергілікті ауылдарды дамыту жобалары арқылы жергілікті тұрғындарға бөлген қаржы көлемі барлығы 657,507 АҚШ долларын құрады.

Демеушілік бағдарламасы

КПО-ның демеушілік және қайырымдылық саясатына сәйкес қызмет атқаратын ішкі комитетпен жүргізілетін арнаулы қор қажетті топтарға және ел денсаулығы және қауіпсіздігі, білім, өнер және мәдениет, спорт салаларында қызмет атқаратын қоғамдық ұйымдарға көмек көрсетуге септігін тигізеді. Ұйымдардан келіп түсетін қаржыландыру ұсыныстарынан басқа КПО олармен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын жаңа бастамаларды жүзеге асыруда жұмыс жасайды.

Бұл бағдарлама арқылы 2010 жылы 38 түрлі жобалар 431,208 АҚШ доллар көлемінде қаржыландырылды.

2010 жылы КПО-ның қоғамдық дамуға қосқан үлесінің маңыздысы – Берлі аудандық мүгедектер ұйымына көмек көрсету. Көмек үлкен кісілерге санаторий емін, мүгедек



«Левша» жылжымалы өнер мектебінің оқушылары Астанада өткен қоршаған ортаны қорғау бойынша сурет сайысының дипломдарын алды

КПО сатып алған жаңа автобустардың кілттерін ауылдық мектептерге тапсыру




балаларға жазғы демалыс лагерлерін қаржыландыру, олар үшін әр түрлі спорттық және мәдени шаралар ұйымдастыру және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтыды. 550 мүшеден тұратын осы ұйымда арнаулы Демеушілік қаржыны үйлестіретін комитет жұмыс жасайды. Комитет қиыншылыққа тап болған мүгедек адамдардан келген ұсыныстарды қарастырады және қажетті көмекті көрсетеді.

Балалардың білім алу құқығын қолдау үшін және басқа қалаларда, ауылдарда өтетін мәдени, білім және спорт шараларына қатысу мүмкіндігін беру үшін ауылдық аймақтардағы (Ақжайық ауылдық аймақтағы Чапаево ауылындағы мектебі және Теректі ауылдық аймақтағы Приречное ауыл мектебі) екі мектепке екі автобус сыйға тартылды.

Денсаулық сақтау саласында КПО Бөрлі аудандық емханасына медициналық жабдық, атап айтқанда электрокоагулятор, электрокардиограф, керует қасындағы монитор және т.б. құралдарды сатып алуға көмектесті. Жастарды дамыту саласында КПО Батыс Қазақстан техникалық- инженерлік университеті өткізген «Электрондық жел» компьютерлік сайысына және Жастар бастамасы орталығы ұйымдастырған Екінші жастар экономикалық форумына қолдау көрсетті. Сонымен қатар, нашар тәрбиелі балаларға және түрмеден шыққан жастарға көмек көрсететін Жастарды нұсқау жобасы КПО-мен қаржыландырылды.

2010 жылы КПО Алматы облысында наурыз айында орын алған су тасқыны салдарын реттеу апаттық іс-әрекеттерін қолдау үшін Қазақстан қызыл жарты ай қоғамына 50 000 АҚШ доллары көлемінде ақша бөлді. Апаттық оқиға нәтижесінде 1500 тұрғын үйлерді су алып кетті, олардың жартысынан көбі қирап қалды. Шамамен 10000 адам қауіпсіз жерлерге уақытша қоныс аударылды.

КПО-ның демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы



- Медициналық қызмет көрсету және қауіпсіздік техникасы
- Өнер және мәдениет
- Қоғамдық шаралар
- Білім беру
- Спорт

Ақпарат кестесі және GRI көрсеткіштері

Компанияның қызметтері бойынша көрсеткіштер кестесінде берілген мәліметтердің анықтығын растау және халықаралық практикаға сәйкес болу үшін біз әлемдік есеп беру GRI жүйесі көрсеткіштерін пайдаландық. Есептіліктің стандартты элементтері көрсетілген кестені www.kpo.kz сілтемесі бойынша табуға болады. Атмосфераға тасталған шығарындылар туралы ақпарат халықаралық танымал Американдық мұнай институтының әдісін қолдану арқылы дайындалды. Төменде көрсетілген сандарға түсініктеме алу үшін сәйкес бөлімдерді қараңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕР

Энергияны пайдалану

GRI сәйкес көрсеткіштер

EN 3

Энергияның бастапқы энергия көзімен тікелей тұтынылуы (МВт/сағат)	Газ 2010	Электр қуаты 2010	2010 Барлығы ¹	2009 Барлығы	2008 Барлығы
		475 150	8 211	483 361	518 159

Суды пайдалану

EN 8

2010 Сумен қамтамасыз ету көздері							
м3	Кигач су жинағышы (Атырау)	Кончубай тоған су жинағышы	Серебряковск су жинағышы (Үлкен Шаған)	Жарсуат су жинағышы	2010 Барлығы	2009 Барлығы	2008 Барлығы
Су көздерінен алынған жалпы су көлемі	2 815	351 374	1 944	182 988	539 121	527 076	584 575
Техникалық су	2 815	351 374			354 189	334 317	404 356
Ауыз су			1 944	182 988	184 932	192 759	180 219

EN 10

Қайта пайдаланылған ауыз су көлемі	2010		2009		2008	
	м3	%	м3	%	м3	%
	40 093	22%	42 762	22%	44 460	25%

EN 21

Ағызылған судың жалпы көлемі	Төгу орны	Кеніштің жинақтау тоғандарына төгілетін тазартылған ағынды су	Атырау жинақтау тоғандарына төгілетін тазартылған ағынды су	Кен айналасына төгілетін жаңбырлы ағын суларының көлемі	2010 Барлығы	2009 Барлығы	2008 Барлығы
Төгу орындары	мың м ³	129,745	0,902	5,780	136,4265	139,27	139,27

Атмосфераға тасталған шығарындылар

EN 16
EN 20

Атмосфераға тасталған шығарындылар (тонна)	Өртелді	Отын ретінде пайдаланды	Басқа	2010 Барлығы	2009 Барлығы	2008 Барлығы	2010 қалыпты көрсеткіш ²	2009 қалыпты көрсеткіш	2008 қалыпты көрсеткіш
Көміртек қос тотығы	82 475	1 299 970	5 772	1 388 217	1 444 686	1 439 908	10 388	10 359	10 557
Көміртек тотығы	140	1 290	0	1 430	1 754	1 670	11	13	12
Азот тотықтары	56	2 940	0	2 996	3 421	3 439	22	25	25
Күкірт қос тотығы	985	62	0	1 047	2 482	3 843	8	18	28
Метан	268	338	26 699	27 305	28 483	27 730	204	204	203
Ұшпалы органикалық қосылыстар	83	251	0	334	656	219	2.5	5	2
Жалпы парник газдары (көміртек қос тотығы эквиваленті) ³	88 096	1 307 071	566 448	1 961 614	2 042 837	2 022 236	14 679	14 649	14 826

Қалдықтар

EN 22

Түрі (тонна)	2010 Орналастыру әдісі				2010 ж. шығарылған	2009 ж. шығарылған	2008 ж. шығарылған
	Пайдаға асырылды	Полигонда көмілді	Үшінші тарап мердігер компаниясы	Алаңда сақталды			
Қатты		5 076	912	13 788	19 777	38 919	24 627
Сұйық (қалдық суларды қоспағанда)	20 667		584	11 569	32 820	30 351	38 523
Барлығы	20 667	5 076	1 497	25 356	52 597	69 270	63 150



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

		2010	2009	2008
LA 1, EC 7	Қызметкерлердің жалпы саны	4 142	4 375	4 378
	Оның ішінде Қазақстандық азаматтар	3 706	3 755	3 571
	Жалпы жұмыс күші бойынша шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстырудың пайыздық көрсеткіші	91%	87%	87%
	Басқарушы лауазымдарда шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстырудың пайыздық көрсеткіші	62%	49%	44%
	Ер және әйел адамдар саны	2994/1148	3186/1189	3224/1154
LA4	Ұжымдық келісімшартқа қатысушы жұмысшылардың пайыздық көрсеткіші	100%	100%	100%
LA 10	Қызметкерді бір жылда оқытудың орташа сағат саны ⁴	63,3	67,2	103
	Қызметкерді бір жылда оқытуға жұмсалатын орташа шығын (АҚШ\$) ⁴	4 226	5 569	4 500

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ

		2010	2009	2008
LA 7	1 миллион жұмыс сағатына шаққандағы жұмыс уақытын жоғалту оқиғалар жиілігі	0,18	0,13	0,11
	1 миллион жұмыс сағатына шаққандағы жалпы тіркелетін оқиғалар жиілігі	0,38	0,65	0,4
	Өлім жағдайының жалпы саны	0	1	0

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

		2010	2009	2008
EC 6	Қазақстандық қатысым (2010 ж. бұрын) ⁵			
	Қазақстандық компаниялардың тауарлары мен қызметтеріне берілген тапсырыстар құны (миллион АҚШ доллары)	–	683	537
	Жалпы сатып алулардың пайыздық көрсеткіші	–	49%	57%
	Қазақстандық қатысым (2010 ж. бастап) ⁵			
	2010 жылғы төлемдер бойынша тауар, жұмыс және қызмет көрсетудегі қазақстандық қатысым құны (миллион АҚШ \$)	86	–	–
	Жалпы төленген есеп шот фактуралардың пайыздық көрсеткіші	17%	–	–
	Әлеуметтік инфрақұрылымға жұмсалған салым/Орал (миллион АҚШ \$)	33,2	11,45	8,35
	Әлеуметтік инфрақұрылымға жұмсалған салым/Ақсай (миллион АҚШ \$)	10	-	10
	Әлеуметтік дамыту жобалары (миллион АҚШ \$)	0,6	0,42	0,6
	Қайырымдылық (миллион АҚШ \$)	0,4	0,37	1,3

Ескертулер:

- 2010 жылы энергия пайдалану әдістемесі жетілдірілді. 2008 және 2009 ж.ж. көрсеткіштер жаңа әдіс бойынша қайта есептелген.
- бір миллион баррель мұнайға шаққандағы тонна көрсеткіші.
- парникті газды есептеу Бас компаниялар әдістемесі негізінде жүзеге асырылды.
- 2010 жылдың 31-ші желтоқсанынан бастап КПО қазақстандық қызметкерлер санының негізінде есептелген жаттықтыруға жұмсалған орташа шығын және сағат шамасы (жұмыспен қамтамасыз ету компаниялар арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерді (жүргізушілер) қоспағанда). Жұмыспен қамтамасыз ету компаниялары арқылы жұмыс істейтін қызметкерлер 2008 жылғы деректерге еңгізілмеген.
- 2010 жылы ҚР Үкіметімен бекітілген ҚР заңына өзгертулердің енгізілуіне байланысты қазақстандық қатысымды есептеу әдісі өзгерді. Сондықтан 2010 жылдан бастап қазақстандық қатысымның пайыздық мөлшері жаңа әдіс бойынша есептелді, яғни шарттар бойынша нақты шығындар есептеудің негізгі деректері ретінде алынады. Бұрынғы жылдардың есептеу әдісі келісілген шарттардың бағасы мен пайыздық мөлшеріне негізделген болатын. Сондықтан 2010 жылдың абсолют шамалары мен есептелген пайыздық көрсеткіштерін бұрынғы жылдардың көрсеткіштерімен салыстыру мүмкін емес.



ЕГЕМЕНДІ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Қарашығанак Петролеум Оперейтинг b.v.» (әрі қарай – «ҚПО») басшылығына:

Біз 2010 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған қаржы жылы бойынша ҚПО компаниясының Орнықты даму есебінің аспектілерімен байланысты егеменді ақпараттар нақтылығын растайтын процедуралар өткіздік («2010 жылғы Орнықты даму есебі»).

Жоба аясы

Біздің нақтылықты растау процедуралары «Орнықты даму есебінің» келесі аспектілеріне қарап өткізілді:

- Орнықты дамудың тиімділік көрсеткіштеріне байланысты басқару және есептеме беру процесстері, сонымен қатар мәліметтер топ кестесінде көрсетілген мәліметтерді жинастырумен байланысты басқару құралдары («Орнықты дамумен байланысты ақпарат»); және
- Мәліметтер топ кестесінде көрсетілген 2010 жылғы қоршаған орта, еңбек ресурстары, қауіпсіздік және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы тиімділік көрсеткіштері және деректер.

Біздің нақтылықты растау процедуралары тек 2010 жылғы мәліметтер бойынша ғана өткізілді.

Сынбағалар

- ҚПО ішкі деңгейінде Орнықты Дамумен байланысты Ақпарат жинақталып, өңделіп және біріктіріліп жүзеге асырылатын ҚПО-ның анықталған процедуралар және ішкі Орнықты даму бойынша есептеме нұсқаулары; және
- Дүниежүзілік Есептеме беру Бағадарламасы 2006 ж. қазан айында басып шығарған «G3 Орнықты Даму Есебінің Нұсқаулары».

Жауапкершілік және әдістеме

Орнықты дамумен байланысты тиімді әрекет көрсеткіштерінің растығы мен толықтығы осы көрсеткіштерге тән деректері анықтау, есептеу және баға беру ерекшеліктері мен әдістемелерімен шектеледі. Осы орайда, біздің егеменді аудиторлық қорытынды тұжырымдылығы ҚПО-ның Орнықты дамумен байланысты іс-әрекеттерінің тиімділігі бойынша есептемелерді дайындауға арналған ішкі орнықты дамумен байланысты есептеме беру процедуралары, анықтамалары және ішкі нұсқаулармен бірге қарастырылған жоқ.

Ескерту: аудиторлық қорытындының ресми түрі ағылшын тілі болып саналады және міндетті түрде құқықтық күшке ие.

ЖШС PricewaterhouseCoopers

Әл-Фараби дағу., 34, А қасараты, 4-қабат, 050059 Алматы Қазақстан Т: +7 (727) 298 0448, F: +7 (727) 298 0252, www.pwc.com/kz

© 2011 PwC. Барлық құқықтар қорғалған. PwC деректерінің әрі еркін таратылуға болмайды. "PwC" Пайдаланушылар Ассосияциясының Лицензия (PwC) мүшесінің және фирмаларының, немесе, компаниялар байланысты, PwC мүшесінің және мүше фирмасына жатады. Оған мүше фирма және заңды тұлға болып табылады және PwC, немесе басқа мүше фирманың агенті ретінде ишаралайды. PwC, Тұтынушыларға қызметтер көрсетпейді. PwC, өзінкі басқа мүше фирмаларының әрекеттеріне немесе қателіктеріне жауап бермейді, және оның нақ қалаған мүше фирмаларының мақалдандырылған әрекеттеріне немесе қателіктеріне жауап бермейді, және басқа мүше фирманы немесе PwC, өзінің қолмен иеленетін аймағы.



Жоба аясы мен сынбағалардың қолданысы үшін жауапкершілік ҚПО-ның Басқармасына жүктеледі.

Біздің міндетіміз 2003 жылдың желтоқсан айында аудит және ақпарат нақтылығын растау халықаралық стандарттар Комитеті (IAASB) бекіткен «Тарихи қаржылық ақпаратты шолу мен аудиттен басқа ақпараттар шынайылығын растауға арналған Тапсырмалар» ақпараттар шынайылығын растауға бағытталған тапсырмаларды орындау (ISAE) 3000 халықаралық стандартына сай растайтын ақпаратты жинау процедураларының негізінде жоба аясында қорытынды тұжырымдама беру.

Шынайылықты растаудағы негізгі процедуралар

Ақпараттың шынайылығын растауға бағытталған біздің процедураларымыз келесі жұмыстарды қамтиды:

ҚПО-ның орнықты дамумен байланысты есеп беру нұсқауларын қолдануды бағалау:

- 2010 жылғы Орнықты даму есебіндегі Мәліметтер Тор Кестесінде көрсетілген Орнықты дамумен байланысты ҚПО-ның есептеме беру ішкі нұсқауларын дұрыс қолдануын тексеру;
- ҚПО компаниясының 2010 жылғы Орнықты даму есебінің мазмұнын GRI Қолданылу деңгейінің талаптарына сәйкестігін тексеру.

Объектіге барып қайту:

- Қазақстанда орналасқан Қарашығанақ кен орыны, Қарашығанақ кен орынындағы ҚПО-ның таңдалған желелі органдарына мен Ақсай қаласындағы ҚПО бас кеңсесіне («Бас Кеңсе») барып қайту;
- ҚПО-ның ішкі орнықты даму нұсқаулары жайында түсінік алу және олардың қалай қолданылатынын анықтау мақсатымен Бас Кеңседе және барып қайтқан объектілерде ішкі орнықты даму бойынша есептеме беру және дерек жинауға жауапты қызметкерлермен сұбаттасу.

Негізгі көрсеткіштері бағалап, сарптау:

- Осы 2010 жылғы Қарашығанақтың орнықты даму есебінің мәліметтер тор кестесінде берілген қосымша деректердің толықтығын, дәлдігін, сәйкестігін және дәйектілігін тексеру үшін іріктеп таңдау арқылы тест жүргізу.

Негізгі қағаздар және сөйкес салқаттарға сараптама жасау және құжаттарды тексеру:

- ҚПО-ның орнықты даму саясатын, басқару және есеп беру құрылымдары мен құжаттарды іріктеме негізінде тексеру.

Деректерді консолидациялау және процесстерді бағалау:

- Басқару және есептемелерді дайындау процесстерінің орнықты даму бойынша есеп беруге сәйкестігін тексеру; және

Ескерту: аудиторлық қорытындының ресми түрі ағылшын тілі болып саналады және міндетті түрде құқықтық күшке ие.



- Осы 2010 жылғы Қарашығанақтың орнықты даму есебінің Мәліметтер тор кестесіндегі деректердің Бас Кеңсе деңгейінде консолидациялау процессін бағалау.

ҚПО орнықты даму есептемесін тексеру:

- 2010 жылғы Қарашығанақтың орнықты даму есебінің мазмұнын GRI G3 сәйкестігіне тексеру.

Қорытынды

Осы қорытындыда сипатталған жұмыстар және біздің Сынбағаларды бағалауға сүйене отырып:

- Қарашығанақтың 2010 жылғы Орнықты даму есебінде көрсетілген (Мәліметтер тор кестесі) және жоба аясында аталған деректер және тиімділік көрсеткіштері әділ әрі шынайы суреттеме бермейді деген ұйғарым жасауға болатындай келесілерге байланысты ешбір фактілер байқалған жоқ:
 - ҚПО ішкі деңгейінде Орнықты Дамумен байланысты Ақпарат жинақталып, өңделіп және біріктіріліп жүзеге асырылатын ҚПО-ның анықталған процедуралар және ішкі орнықты даму бойынша есептеме нұсқаулары; және
 - Дүниежүзілік Есептеме беру Бағдарламасы 2006 ж. қазан айында басып шығарған «G3 Орнықты Даму Есебінің Нұсқаулары».
- 2010 жылғы Қарашығанақтың орнықты даму есебі GRI G3 C+ сәйкестік деңгейіне жетпеді деп ұйғарым жасайтындай ешбір фактілер байқалған жоқ.

Алматы, Қазақстан
4 наурыз 2011 ж.

Ескерту: аудиторлық қорытындының ресми түрі ағылшын тілі болып саналады және міндетті түрде құқықтық күшке ие.

3 of 3

Қысқармалар/Анықтамалар тізімі

Терминдер/Қысқармалар	Анықтамалары
КПО	Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.
ҚР	Қазақстан Республикасы
ӨБТК	Өнімді Бөлу туралы Түпкілікті Келісім
ББК	Басқару бойынша бірлескен комитет
Кәсіпорындағы серіктестер Бас компаниялар	Биджи, Эни, Лукойл және Шевронға қатысты
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
Брундтланд Комиссиясы	Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі дүниежүзілік комиссия
GRI	Есептілік жөніндегі ғаламдық бастама
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ГКДҚ-2	Газды кешенді дайындау қондырғысы-2
ГКДҚ-3	Газды кешенді дайындау қондырғысы-3
МТУ (малотоннажная установка)	Шағын мұнайды қайта өңдеу зауыты
ОГӨЗ	Орынбор газ өңдеу зауыты
ӘКҚ (КСС)	Әкімшілік қонақ үй кешені
ҚӨК	Қарашығанақ Өңдеу Кешені
КҚК	Каспий Құбыр Консорциумы
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
ҚМГКК	Қарашығанақ мұнай газ конденсат кеніші
ҚМГОА	Қазақстан мұнай газ операторлар ассоциациясы
МЕҰ	Мемлекеттік емес ұйым
млн б.м.э.	Миллион баррель мұнай эквивалентінде
H ₂ S	Күкіртсутегі
NO ₂	Азот диоксиді
SO ₂	Күкірт диоксиді
CO ₂ e	Көміртегі диоксид эквиваленті
DLN	Құрамында азот қышқылдары мен ылғалдылық төмен болатын жағармай
GHG	Парникті газы
ISO 14001	ISO 14001 тиімді қоршаған ортаны басқару жүйесін (ҚОБЖ) орнату талаптарын айқындайтын халықаралық деңгейде мойындалған стандарт
OHSAS 18001	OHSAS 18001 халықаралық деңгейде мойындалған еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы басқару жүйелерін бағалау стандарты.
OPITO	OPITO Мұнай газ академиясының білікті операторлар мен техниктерді даярлау бағдарламасы
NEBOSH	Өндірістік еңбекті қорғау мен қауіпсіздік жөніндегі Ұлыбританиядағы ұлттық экзаменациялық кеңес
STEP	Қауіпсіздік техникасын оқыту және жақсарту бағдарламасы
CIPS	Сатып алу мен жабдықтау институты
Petroskills	Әлемдегі жетекші мұнай және газ бойынша оқыту одағы
ENTO стандарттары	Оқыту ұйымдарының еуропалық жүйесі стандарттары

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

Біз сіздің Есеп жайындағы ұсыныстарыңыз бен тілектеріңізді асыға күтеміз және 2011 жылғы есепті дайындаған кезде ескеруге тырысамыз.

КПО-ның орнықты даму есебі

Эл-пошта: sustainability@kpo.kz

Мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 090300, Батыс Қазақстан облысы,
Берлі ауданы, Ақсай қаласы, Қарашығанақ Петролиум
Оперейтинг Б.В.

© 2011 Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.



ҚАРАШЫҒАНАҚ КӘСІПОРНЫ БОЙЫНША СЕРІКТЕСТЕР